

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Г 2016
404к



Жостальгия

1'2016/4044к

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Ностальгия

(Өлөндөр)

оңынровича

Көкшетау
2013

УДК 821.512.122

ББК 84(5 Қаз)-5

Т 53

Кітаптың жарық көруіне жағдай жасаған ағаларым –
Нәдірбек Шынтемірұлы Бақтияров пен
Амантай Тәшенұлы Дүкеновқа алғысымды білдіремін.

Тоқсанбай М.

Т 53 Ностальгия: Өлеңдер / Мерген ТОҚСАНБАЙ. –
Көкшетау, ЖК Устюгова Н.Ф., 2013 - 80 бет.

ISBN 978-601-7462-12-3

Көкшетаулық жас ақын Мерген Тоқсанбайдың
бул кітабына сезімтал жүректен туған мәлдір, нәзік
лирикалық өлеңдері топтастырылған. Ақынның
өлеңіндегі махаббаты, құштарлығы, сағынышы
көздеріңіз арқылы жүректеріңізді жібітіп,
жандарыңызды жылтытары анық. Көкшетау
топырағынан қазақ поэзиясына тыңан қосылған
тұлпардай Мерген ақынның қолыңыздары кітабы
сіздің де, біздің де ортақ қуанышымыз!
Кітап студенттер мен өлең сүйер қауымға арналған.

УДК 821.512.122

ББК 84(5 Қаз)-5

ISBN 978-601-7462-12-3

©Мерген ТОҚСАНБАЙ, 2013

00338171

Өлеңес адал ақын

Қасиетті Тәуелсіздік қазақ поэзиясына жаңа леп әкелді. Соның айғағы көктемгі бәйшешектей дүр етіп жаңа толқын туып, Поэзия әлеміне құлаш сермеді. Темірхан ақын оларға «Алтынкөпірліктер» деп айдар тақты.

Осы жас толқынның ішінде Көкшелік бұыршындардың да алдыңғы қатардан орын алуы бізді қуантты. Енді, міне, Алмас, Арман, Бауыржандар бастаған жаңа көштің соңын ала тағы бір топ жас ақындар танылып келе жатыр бүгінде.

Егіледі.

Санама сәуле болып төгіледі.

Өз-өзімен жүрген жұрт әуре болып,

Өлең жайлы, Мен жайлы не біледі?!

Бұл – Мерген Тоқсанбай! Соңғы бес-алты жылдың көлемінде «Мен – ақынмын!» деп өзеурап жүрген бір топ жастардың өлеңін оқып, екшелеп журмін. Соның ішінде Мерген «өзгешелеу» сияқты болады да тұрады. Әбіштің Тыныштықбекті «біртүрлі ақын» дегені сияқты, мен де Мерген ақынның «өзгешелеулігі» барын байқадым.

Негізгісі – Мергеннің ақын ретінде тұлғалық ішкі мәдениетінде поэтикалық талғам қалыптаса бастағандығы. Әйтпесе, ойхой, қазіргі көп жастың арындаған айқайы басымдырақ та, уызға татыр тұшымды дүниесі аз болып тұр ғой.

Поэзия – өнердегі өте киелі әлем. Оның құр шекпенін киіп алып, шен іздесен опа

таппайсың. Мергеннің өлеңдеріндегі поэтикалық «доп-домалақ» шешімдері, толғамдары оның болашакта ойлы ақын болатынын мензейді.

Осы өлеңінде күшейткіш сөздерді қолдану арқылы сабыр мен ойдың антитеталық кереғарлышының күрестіріп қойып, ақын өзінің адами іс-әрекетінің таразысына бойлауға барған.

Поззиядағы лирикалық дүниені (сезім, мұң, қуаныш, сабыр, төзім, көңіл т.б) тек айтып қана қою поэтикалық шешім болып табылмайды, оны «мендік», «өзіндік» тебіренісінмен, талғамынмен параллель таразыға тарту қажет. Лиризмді жай ғана констатациялау бүгінгі поэзия қажетсінбейді. Яғни, бүгінгі ақынның міндеті оны өзіне жекешелендіру. Мұны Асылзаттан, Ақбереннен, Танакөзден іздеген, үйренген дұрыс қазіргі жастарға. Мергеннен поэзиядағы осы бір талапты менгереп бастағанын байқауға болады.

Әсіресе, элегиялық суреттеулері жақсы-
ақ өрілген. Кәдімгідей өзінікі, Мергендікі. «Сезімді
жүректе гүлдеген, әкетті күз ұрлап. Оқының түнге
өлең, Сыбызығы – самалдық тілінде ызындал» деп
түнге өлең оқыса, «Ысырып ақ көрпесін – ақ
тұманның, Ақ айдың алқа тақты аққулардан» деп
өзінше өрнектеген.

Мерген ақынның өлеңдерінде жастық максимализм де, пессимизмдік жабығы, тарығы.

мұндану да бүгінгі қоғамның, ортанның өзінен алынған. «Жап-жасыл бағын бүрлетіп» алатын ақын «бақыт пен шаттықты тілеп, байқамай оятып алатын мұнын» қатар көрсете біледі өлеңдерінде.

«Ассалау мағалейкүм» деп алғашқы тырнақалдысымен поэзия әлемінің есігін ашқан Мергеннің «Ностальгия» атты осы жинағында ақынды онды-солды талдауды мақсат етпедік. Қайткенмен де кітапқа енген өлеңдерін бір демде оқып шығып, кемшилік тұстарын өзіне ғана «сакральный» етіп жеткіздік. Кітап бүгінгі он алты мен жиырма бестегі асау жүректі жастардың сүйсініп оқитын қойын кітапшасына айналатынына кәміл сенеміз. Себебі, мұнда жастық дәуреннің, алаулаған албырт шақтың небір полотнолық шешімдері суретшілердің өздері бере алмайтын түрлі-түсті бояуларымен әрленген.

Көкшелік жас дарыннан Рухы мықты, Жанға дәру болар, Көнілге қуат берер (ұш бөліміне орай) туындылар күтеміз алдағы уақытта. Мергенді періште жүректі, өлеңге адал ақын ретінде таниық дегім келеді. Өнердегі жолыңа сәттілік тілеймін!

Нұртас АХАТҰЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты,
«Қазақстан Республикасының
білім беру ісінің үздігі»,
Ж.Мусин атындағы Көкшетау педагогика
колледжінің директоры.

БІРІНШІ БӨЛІМ

РУХ

ХАН АБЫЛАЙ

Хан Абылай!
Қорғаным, айбыным ең!
Аққу қонар айнадай айдыным ең.
Сен өткелі дүниеден аза тұттым,
Сен жоқта да осылай қайғырып ем...

Сен бар кезде...
Ол заман тасындырған,
Бақ-құттымды басқадан басым қылған.
Қатындары қас жаудың жесір қалып,
Бетін тырнап, бейуақта шашын жұлған.

Сен бар кезде сең бұзар қуатты едім,
Ол кезде омақаса құлап па едім?!
Қастарыма қатты боп қара қыстай,
Достарыма көктемдей шуақты едім!

Бар қазақтың жиып ап батырларын,
Бұхараны бірлікке шақырғаның...
Жүргегінде жатталды мына жұрттың,
«Абылайлап!» жау құтын қашырғаның!

Әрбір сөзі ой тастар өреліге,
Тезге салып түзетер төрени де.
Алты Алашың айрандай ұйысын деп,
Бұхарыңды жараттың керегіңе.

Қамқоры Қарауылдың Қанай шешен,
Қанайсыз ой түйінін қалай шешем?!
Ту баста хан көтерген, алдиярлап,
Қанаймен абыройың арайлы есен!

Арқа сүйеп қарт батыр Бөгенбайға,
Бөгенбайдай ақылы терең қайда?
Қанды өзектен қайғы артқан қара нарың,
Қанды көйлек Баяндай өрен қайда?!

Қаракерей Қабанбай Найманыңнан,
Қабанбай барда бастан қайғы арылған.
Кіші жүздің Тайман мен Бұғыбайы,
Сүт бетіне шығатын қаймағыңнан.

Атығайдан жолдасың батыр Жәпек,
Жауға сал дүр рухын шақыр да тек.
Қазақтың қасіретін көтерерде
Ер еңсесін езбеске ақыл – кәтеп.

Ақылы мен айласын қатар алған,
Олжабайы Қаржастың шақар арлан.
Жұлынған Жантай жауға жетей жатып,
Аруақты айғайы апарар лаң.

Алтайдың үш қырлы оғы:
Сенгірбай, Жолдыбайы, Жанұзағы,
Ажал тілеп дұшпанға тағы ұзады.
«Жәнібек Шақшақұлы – болат найза»
Жауының қанын судай ағызады.

Кесір заман туғанда, кері күн кеп,
Сап бұзбайтын сенімді серігің бол.
Қырық мың қолмен Жонғарға бірге аттанған,
Сырымбет, Малайсары шерігің көп.

Ортаға алып өзінді сай жүргізген,
«Найзасының ұшына жау мінгізген».
Сапы сұғып алғандай ту сыртынан,
Жұлқыласқан жат жүртқа дай кіргізген.

Қайсы бірін айтайын has батырдың?!
Көшпелі Бақ, сен кеше баста тұрдың...
Басынған жау, басылған елді көріп,
Қатемді ізден бүгін Мен бас қатырдым.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Ерлер болып қасында жаңағыдай,
Сен солармен мықты едің Хан Абылай!
Досқа күлкі етпеді сол ерлерің,
Дұшпаныңа қылмады таба Құдай.

Хандық құрдың солармен құтты, мығым,
Олар барда өктем боп шықты да үнің.
Жол көрсетіп соларға, жән сілтеген,
Хан Абылай, ол сенің – мықтылығың!

Жар астында жау барда жанбас сәулен,
Ақдаһадай арбасып арбасқанмен.
Жолбарыстай жауласып жауласқанмен,
Әрбір күнің майданда жалғасқанмен...

Кекірекке зар толып, ән қашқанмен,
Көздеріңе кек тұнып, әл қашқанмен.
Айбат шегіп, кәр төгіп, қаһар шаштың,
Қайқы қылыш, бүкір бел алдаспанмен.

Налыған жан нәр алып намысыңнан,
Сұс көрсеткен сұмдардың сағы сынған.
Шұршітің де шытынап шыныдайын,
Қарсы келген Қоқанның қары сынған.

Тебіңгіден тер саулап, қан қылыштан,
Зар еніреп қашпап па ед зәңгі дұшпан?!
«Көбе бұзып әр оғың жүректі үзсе»,
Демі бітіп көп жонғар жалды құшқан.

« – Зар жылаған елінде шу басылмай,
Әзірейілдей жауынды қу, қашырмай!»,-
Аттан салдың, бастадың шаңды жорық,
Ақ түйенің ақ түтек шудасындай.

« – Білімді ақын, білгір би, білікті бек,
Ақ туымның астына біркіті кеп
Алты бақ алауыздық алқымнан ап,
Алты Алашқа журмесін бүлік тілеп.

Ел бірлігі аңсаған арманым ед,
Түннен әрен жетуші ем таңға жұдеп.
Жеті жұттан сақтай гөр жалпақ жұртты,
Дұғам осы, Жаратқан, ал, қабыл ет!»,-

Бар тілегің осы еді ардагерім,
Арманыңды Алашқа арнап едің.
Саржасынан ұшқан серт мерт қылатын,
Сақ пен Ғұндай сұңғыла сардар едің.

Қазақ үшін ғұмырын қиған жүрек,
Қазағына нық сеніп, иланды бек!
Сол қазағың үш ғасыр өткеннен соң,
Соңынан тұрған жоқ па иман тілеп?!

Бағалайтын ел едік ер еңбегін,
Керегемді кеңейттің, кеменгерім!
Аңқылдақ жұрт алғысы – ала алғаның,
Бауырмал ел батасы – бөлөнгенің.

Хан Абылай!
Қорғаным, айбыным ең,
Сен барда қай жауымнан шайлышып ем?
Сен барда қай дұшпаннан қаймышып ем?
Сен өткенде дүниеден қайғырып ем...

Сен өлгелі...
Мүшкіл һәлім мәшһүр ғой... төмендеді,
Ұлты басқа ұлынды көмем деді.
Қаны басқа қызыңды күң қылам деп,
Қызыл нәпсі қызығын көрем деді.

Қаным қанша бойды өртеп лапылдады?
Төгілердей төзімім лақылдады.
Жасын жігер жарқылдал аспанымда,
Найзағайдай намысым шатырлады.

Ауырлады Алаштың ақыр һәлі,
Жайлауыңды жат келіп тақырлады.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Біріге алмай береке кетті елден,
Ұл туғанмен қазақтың қатындары!

Бір шырқалар шаттықтың татымды әні,
Қарияның басылар аһ үрғаны.
Жоқ емес қой қазақтың батырлары,
Аман қалған әлі бар ақындары!

Сенемін, сол ұлы күн жақындағы,
Көш бастар дана көсем, ақылды әрі,
Сабалақ боп жүр ме екен ел ішінде,
Жаңғыртар ұраныңмен атынды әлі?!

ҚҮЙІНІШ ҚАРИЯНЫҢ КУРСІНІСІ

Айналайындар-ай!
Есіктен кіргенде
Ана тілінде сөйлей салындаршы!
Аналарың қуанып қалсын...
Бесік тербегенде
Әлди жырымен тербей салындаршы!
Балаларың уаңып қалсын...

Мынау өмірді қыыннатпаңдаршы!
Ерігіп жүрген ешкім жоқ!
Торнадо болып құйыннатпаңдаршы!
Онсыз да талай кештім от...
Түсінсендерші!
Көшіміз жаңа түзелген шақта,
Төте жол іздеп адаспа!
Онсыз да адасып жүз өлген жоқ па?
Ақыл айтпаңдаршы Алашқа!

Бақыт іздейсің...
Бақытсыз шағың кеше емес пе еді?
Тонағанда орыс барынды.
Тәуелсіздігің –
Бастағы бағың осы емес пе енді?
Аялай білші бағынды!

Бастағы мұңым –
Қатарым озып кейін қалатындаі,
Түйықтала ма жол әбден?
Жастарым бүгін
Қазақтығынан ұялатындаі,
Мұншама топас болар ма ең?

Бұла шаттығым
Тепкі жеп тағы тұралар ма екен?
Тапталып қалған гүлдейін.
Бұл азат күнім,
Басымда мәнгі тұра алар ма екен?
Білмеймін...

Теректей ұлдар, Қайындаі қыздар,
Елімнің мынау көркі сендерсің!
Болашағынды үайымдаймыз, ал,
Ұлт деген жүрек өрті сөнбесін!

Айналайындар-ай!
Ақылым тында!
Ақырғы сөзім мүмкін бұл.
Көп еді сенің батыр ұлтында,
Батыры болғын ұлтыңын.

Ұғасындар ма?
Алдағы күнге алаң жүргегім.
Алпауыт елдер көкпар қылмасын.
Расында да,
Танығым кеп тұр ғаламды менің,
Танытқым кеп тұр қазақ тұлғасын!

Білесіндер ғой,
Абылайлардың ғасыры өткен.
Қылыш сілтейтін кез емес.
Күлесіндер ғой...
Соғыс бол жатыр, жасырын, әттең,
Ер болсаңдаршы, ей, ез емес!

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Алыр-ай, қалай?
Қайқы қылышпен келмеске бірге,
Дұр рухым менің кетті ме?
«Абылайламай!»
Үнсіз қап неге белдескенімде,
Қайтара алмадым кекті де?!

Үміт дегенім –
Дауылды құнгі жанған шырпыдай.
Өшे салатын сияқты, ә?
Күдіктенемін
Алдаса тағы арман, шіркін-ай,
Бабаларымнан ұят та...

Көктемгі құндей жайбарақатсың,
Сөгіліп көңіл көбесі.
Түк бітірмейсің, ай қарап жатсың
Ненди ойлап жүрсің сен осы?

Ұтыласыңдар-ау,
Бәрін білем деп кісімсімеші,
Менікі жән ғой, мойындашы!
Мына түріңмен жұтыласыңдар-ау...
Түсінсендерші, ей!
Түсінбейсіңдер ғой... Қойыңдаршы...!

КӨКҚАСҚА

Тарпаң мінез – тектілік сүйектегі,
Жарты дәнді көретін түнектегі.
Шұрқырасып табысар бір-бірімен
Төл тумасын топырақ жүдетпеді.

Жер тарпып ап тұяқтың ұшыменен,
Құс қүйрығын тістеген тісіменен.
Емін-еркін жайылып ен далада,
Айғырлары арқырап кісінеген.

Қайран үйір!
Суындаң бал бұлақтан,
Арайына шомылған таңың атқан,
Өткір желге тұратын қарсы қарап,
Арғымақ боп туғандар арғымақтан.

Беске шығып бекіген биыл жасы,
Кеп жылқының Кекбурыл үйір басы.
Тұяғымен тас жарған тарланым-ау,
Қолқасының иғі еді қылмасы...

Қу дүние тұлқідей көп құбылды,
Біреуді – езіп, біреуді – әkkі қылды.
Жайлалаудағы жылқыда береке жоқ,
Қасқыр – заман өлтіріп Кекбурылды.

Кекбурылдың құрбан боп басы кеткен,
Үйір қалды кезігіп қасіретпен.
Тексіз Қызыл Мәстек кеп кіжіндеді,
Ен далада Кекбурыл басып өткен...

Мекен еткен теріскей шет қыирды –
Қызыл Мәстек аздырды текті үйірді.
Таза қанды тұлпардың тұқымына,
Тозған тектің лас қан кеп құйылды...

Қуып шықты үйірден сәүріктерді,
Бас көтерген біреуі сау кетпеді...
Сары Арқаға сыйғызбай Сібірге айдал,
Аз болмады әйтеуір әуре еткені...

Үйір іші бүлінген басқа бүгін,
Кекбурылдың түсініп рас қадірін.
Көзіңе оттай басылар көп жылқының
Ішіндегі жалғыз көк қасқа құлышын.

Жегі желі заманның жіңі үрледі...
Кекқасқаға қалқан боп үйірдегі,

Қарашықтай сақтаған сол құлышынды,
Сары азулар ерекше мейірлі еді.

Сары азулар үйірдің шежіресі,
Бәрінің бар жылқыда өз үлесі.
Жаннан бетер қорғайды барлығы да,
Көкбұрылдың ең соңғы көзін осы.

Ойнақтамай Көкқасқа құлышын, тай боп,
Сырт көзге де сақтықтан ұрынбай көп.
Көкбұрылдың намысы қанында ойнап,
Бестісінде жарады жұлышындей боп.

Қара қылдай үміті үзілместен,
Желтоқсанның тағасызы мұзыны кешкен.
Сары таңда Көкқасқа қарсы шапты,
Қызыл Мәстек құлады қызыл кешпен.

Беу, Көкқасқа жараған қара сұлік,
Қызу қаны тамырда аласұрып.
Құты қашқан үйірді біріктірді,
Көктем келді артта қап қара сұық.

P.S

Сол Көкқасқа – үйірдің киесі ұлы,
Сол Көкқасқа – жерінің иесі ұлы.
Атасынан аманат болып қалған
Ұлы дала тек соған тиесілі!

Ұлы дала тек соған тиесілі!

**Көкбұрыл – Кенесарының соңғы жорығына мінген
аты.*

ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУҒА МҮҢ ШАҒУ

Беу, ұлы ақын, ұлы жырау, қарт бабам!
Ұрпағыңды көзіңмен көр –
Қанына тартпаған.
(Жөн еді бұларға еш үміт артпаған.)

Ел шетіне жау келсе –
Арыстандай ақырып,
Жолбарыстай атылған.
Ел шетінен жау көрсө –
Аруағын шақырып,
Қынадай қырып, қоғадай қылышп жапырған.
Ел шетіне жау кірсө –
Ұлан-байтақ Тұз емес!
Ұлтарақтай жер үшін –
Ұрандаш шауып, зәре-құтын қашырған.
Ұлардай шулатып, топалаң бол тисе,
Қас дұшпаны – табанын сүйіп, бас ұрған!

Арлан бол туып арланнан,
«Ит болуға арланған».
Өшпеген мәңгі өлеңі,
Өтсе де өзі жалғаннан.

«Тарланды мінген көлік деп»,
Тағыға түскен төніп кеп.
Жолбарыстың жұлып жеген жүргегін
Қатындары жерік бол.

Қас Сақтың қайқы қылышын іліп қарына,
Қазақтың туған бағына!!!
Қасарысқан қас жауды
Тіршіліктен түңілтіп, табанға салып таптаған.
Бастаған әрбір ісінді Тәңірі өзі жақтаған.
Ар-намысын қазақтың Қарашығындай сақтаған!
Қайран сенің заманың
Қозы жауырын жебедей қайырылмай кетіп қыр асқан.
Содан бері сағым ойнап жолымда,
Қабағын ашпай түр аспан.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Қайран да қайран қарт баба!
Ел іші мұлдем бүлінді.
Көзіңмен көрші бүгінді.
Ұлдарың қайда тұлымды?
Қыздарың қайда бұрымды?
Ұлағатынды ұға алмай
Айықпас дертке ұрынды.
Дінін де сатып, ділін де,
Түк ұқпай туған тілінде.
Тұңғалерсің тірліктен
Бұл елдің қарап түріне.

Санасы кеүіп, рухы өлген,
Жаһандану уы жайлап, уыты өрген.
Тегіне тартпай туғандар
Тентіреп кетер күні ертең.
Бұл елде қайтіп күнелтем?
Ұжданын табан асты еткен
Ұрпағың қанды қарайтып,
Өзіңе тұрмын зар айтып!

КЕРБЕСТІ-ӨЛЕҢ

*Аламанға қосқаным – Арда күрен,
Қала көрме, көз жазып
Ал, ағайын!
Ғалым Жайлышбай*

Ойды аластап опықтан тоң бол қалған.
Ортекедей орғыса орды аттаған,
Омырауы обадай Кербестімді,
Ортаңызға ап келдім, мол баптаған.
Оңғарсын тек Құдайым, он бол қадам!

Көркіменен көз тартып керім аймақ,
Күлік – жырды Мен келдім төріңе айдал.
«Көне дала төсінде бір көсіл», - деп,
Қалды елім, «Қарақай», «Бөрібайлап».

Құшақ ашсаң алдынан қайран далам,
Қанат бітер көңілге қайрандаған.
Қандырайын шөлімді көлдеріңнен –
«Қырық мың жылқы су ішсе лайланбаған».

Күмбір-күмбір кісінеп көңіл деген,
Күнгір-күнгір күрсінген көгіңменен
Ыстықсың-ау, Ереймен, биігіңнен
Бұлдыр-бұлдыр көз салсам өмірге Мен.

Шатқалыңнан шабыттым тулкінді іліп,
Шалғыныңа аунасам шіркін, күліп.
Шиырланған әжім бет даланды оқып,
Шежіренді шаң басқан сілкіндіріп...

Кімдер келіп, кетпеген төскейіңе?
Құліп бәрін қарсы алдың дос пейілде.
Сері Ақанға озырылық қылғандар да,
Нұралыны улаған қаскөйің де...

Кері айналып сез етіп келмес күнді,
Қайтем қозғап көңілден өлмес мұнды?
Қүрәңбай, Толыбайдай сыншың бар ма?
Көрсетейін... сынassyн Кербестімді!

Ал, дүбірге бөлейін даланы кең,
(Дүбір үшін әу баста жаралып ем.)
Арда жырым тең басып төрт аяғын,
Саз балшықтай тасты илеп табанымен,

Болат тұяқ жапырып жусаныңды,
Екпіні – Жел, көктегі құса мұнды.
Бетегелі белдерді басып өтіп,
Бетке алып қоғалы Қусағыңды.

Қуаныштан алаулап жүзім жанып,
Ошақ орны сияқты ізім қалып.
Аш күзендей бүгіліп, оқтай ұшып,
Бәйгенді алсам, шіркін-ай, бұзып-жарып!!!

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Айым теріс тумаса, шалқасынан,
Аман өтер Кербестім жал, тасынан.
Жыланды өзек жанына жеткен кезде,
Сақта, Құдай, Батыраш балтасынан!

САҒЫНАМ СЕРІ ҒҰМЫРДЫ

Тұнімен тұрған таң асып,
Тобылғы менді торымен.
Сән-салтанатым жарасып,
Сал-серілердің жолымен,

Сары адырларды бетке алып,
Салқын самалын тәске алып.
Ауған бөкендей топталып,
Соңымда қара қос қалып.

Сәрсенбі құні сәскеде,
Қозғалсам, шіркін, орнымнан.
Құнім де қоймас сестене,
Айым да туып оқымнан.

Кес-кестеп жолды көлденен,
Бөденелерім жорғалап.
Беткейдің желі тербеген,
Бетегелерім жол қарап...

Толқытып әнді, тулатсам,
Қара домбырамды қүйлетіп.
Қарағайларды шулатсам,
Ақ қайындарды билетіп.

Қолпаштап терек-емендер,
Қол соқса әрбір жапырақ.
Мәртебем қалай тәмендер?
Гүлін сыйласа топырақ!

Елегізейін несіне,
Жанымды елім ұға алған.
Елік іздейін есіле,
Шұрайлы мына шұбардан.

Сусыным қанбай бұлақтан,
Саумалын көлдің сұратсам.
Ағаштай жаңа бүр атқан,
Ақ нөсеріңе құмартсам.

Осылай өмір кешсем бір.
Қиялым кері бұрылды.
Көшкен дәуренді көксеу бұл,
Сағынып сері ғұмырды.

Тұлпарын мінсем өлеңнін,
Сұнқарын жырдың тулетіп.
Тұған топырағым о, менің,
Өтсемші сені жыр етіп...
Өлсемші сені жыр етіп!

СҰРАҚ

Амантай жылқышыға

Кербестің күндік жерге шаптырған,
Қандықөлге қалың жылқы жаптырған.
Таңда мінген асауды,
Қара кеште қара терге түсіріп,
Бұзау өтсе де бұтынан,
Мыңқ етпес жуас ат қылған.

Доғал мойын, доға жал, дом жараған дөнендей,
Дауыл тұрса шайқалмас еңселі өскен емендей.
Бұл алқапта бар ма екен,
Ат жанын артық білген,
Ат жалын тартып мінген,
Жылқышы қазақ сенен дөй?!

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Жыланбауыр қамшымен
Сыйпай соғып сауырдан,
Шыққан күнің қайда әлгі,
Шыңылтыр таңда ауылдан?
Сірі қар қиып шашасын,
Тебіндей алмас жылқыдай,
Сеніменен тоқтай ма?
Қырдағы, қайран, ғұрпым-ай!!!

Құлықтың сүтін емізген,
Дорбадан сұлы жегізген.
Ертеп бір шықса, көргенге,
«Пах, шіркін-ай!» дегізген.
Баяғы қазақ дәстүрін
Жоқ!
Ұмытқан жоқпын Мен!
Сол кезді көзге көрсетіп,
Бәйгеден атың келсе ұтып!
Қолтумамды соғым ғана деп жүрген,
Озалмаса – сорын қара деп күлген.
Бай-манаптың аузына құм қүйдірып,
Іштерін шоқ-шоқ қүйдіріп,
Бір арғымақ жаратышы,
Кеудені қысты кек мүлдем!

Күрен белде көсілтіп,
Ел мерейін өсіртіп!
Бәйгеден озар күн қайда?
Есер көнілді өсіртіп!

Есік пен төрдей тұлпарды қайта жолға сап,
Кешегі Ақан серілер құсан толағасақ.
Амантай аға,
Бідің жылқыда сондай ат бар ма, айтшы осы?
Жүрейік біз де Атығай, Қарауылға олжа сап!

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ЖАН

ТЕК СЕНИң ЖАНАРЫң ОҚЫСЫН...

Тек сенің жанарың оқысын,
Ешкімге көрсетпе сен енді.
Көзіңнің ойнақы оты үшін,
Өмірге келген өлеңді.

О, сендік мойылдай қарашық,
Нұрынан өлеңім гүлдесін.
Өлеңге бір күліп қарашы,
Мұңайып қалып ол жүрмесін!

Бүгінгі жүрекпен жазғанға,
Иә, ертең жанарың ие ғой.
Өлеңге сәбидей мәз бол да,
Көзіңмен сүйе ғой, сүйе ғой!

Ешкімге оқыма дауыстап,
Жұрт жаттап алмасын жиылып.
Кеткенде арамыз алыстап,
Оңаша оқырсың, жымып.

Сен оны жасыршы.
Салсаң да
Тұлсіз көзіңнің түбіне.
Е, мейлі жаттап алсаң да,
Бір оқып шыға сал құніне!

Сүйсініп, сүйініп оқышы,
Көзіңнің нұрына бөлендір.
Көзіңнің ойнақы оты үшін,
Өмірге келген өлең бұл.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Кұрбың да оқымай,
Оқымай жігітің,
Кішкентай құпия боп қалсын.
О, сосын ғашық боп... күні-түн,
О, бәлкім сен мені жоқтарсың?

Осылай мен аздал мұңайым,
Жүрекке шоқ түсіп жаңа бір.
Мен сенсіз өмірге шыдаймын,
Өлеңге көз қырын сала жүр.

Ішіне бір тамшы түн құйып,
Шабытпен жаратқан Алла шын.
Мәп-мәлдір, тұп-тұнық, тұңғиық,
Көзінді
Өлеңім сағынып қалмасын!

БІР ҚЫЗҒА ХАТ

Сол сұлу қыз мені алдады,
Мен аңғал ем... сенгіш ем...
Сосын мен де кек алғалы
Сені алдадым! Енді ше?

Ақымақтық қой. Түсінемін.
Кешіре салшы. Нең кетеді???
Мен кірмеймін түсіне оның,
Түсіме енбеші сен де тек!

Сен де сөйтіп алдадың ғой,
Біреулерді... өзінді...
Қайта табу арманың ғой,
Алдай алмас кезінді.

Әтірікті үйренбеуші ем,
Сол қыз мені бүлдірген.
Ол да мені сүйген деуші ем,
Сүймепті ғой... Кім білген?!

Аллады ол қыз, алдаса да,
Сен емес, сол ұнайды.
Аңсап, іздең анда-санда,
Жүрек үнсіз жылайды.

Білесің бе? Қызға бола
Досты алдаған түндер бар...
Елді алдаған біз ғана ма?
Күнәдан пәк кімдер, ал?

Әлі алдаймын. Аруларға,
Өтірігім ұнайды.
Содан жаңға дәру бар ма?
Алдай алмаймыз Құдайды...

ТУҒАН КҮНІНДЕ

Сен бүгін тойлайсың туған күнінді...
Қасында құрбың бар – бұрынғы, жігітің – бүгінгі.
Иә, олар бақыт пен шаттықты тілеумен
Байқамай оятып алады мұнынды.

Оларға өп-өтірік күлесің, жанарың жүдеулі,
Есіктен күтесің біреуді.
Жаңағы мұң келіп қонады қабаққа,
Түн сайын үйренген осылай түнеуді.

Досың көп...
Кім арам? Кім адал? Тауып ал!
Осында бәрі де: ішкені, сауы бар;
Есіріп билейді содан соң барлығы,
Ал, сенің жүргегің ауырап.

Сәлден соң
Жігітің вальске шақырап құлшынып.
Орныңнан тұрасың Мұныңа қырсығып!
Мен, біреуді сағынып жазған сол әнге,
Билейсің, билейсің күрсініп...

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Бір кіріп, шығады бір есің...
Күтесің...
Келмеймін...
Білесің...
Шалқыған шаттықтың ішінде,
Мәп-мәлдір мұң болып жүресің.

Естімей ендігі айтылар тостарды,
Көзіңе - жас тұнып, бокалың - бос қалды.
Солқылдаپ, солқылдаپ жыларсың, жыларсың
Шығарып салған соң достарды...

Шаршайсың. Доғарып өп-өтірік күлуді,
Аңсайсың жылуды.
...Бір түнің бір жылға есейтті.
Ешкімді күтпейсің... есігің ішінен ілулі.

* * *

Өңімде – жалғызыбың...
Өлеңде – сағыныш, сезім мен үміт бар;
Түсімде – Сен барсың...
жібітер жан мұзың
Сендік пәк, періште қылықтар.

Өзіңнен адасқан уақытым – өнім бұл.
Өксігін баса алмай өкінген – өлеңім.
Ақкудың баласы сияқты көгілдір
Тәп-тәттім, Мен Сені түсімде көремін!

Түсімде:
Шаштарың иықтан төгілген...
От демің бойымды балқытты-ау!

Түсінші!
Өзінді сағынған өлең мен
Өзіңсіз өтетін өмірден
Өзіңмен табысқан түстерім артықтау!

Өлеңде:
Тағы да сен жайлы ойларға таңылам.
Көркемім, сен жоқ та күрең күз – әлемім.
Мен сені осылай, осылай сағынам!
Әдемім!

Түсімде:
Сен – Аққу, Мен – Айдын шығармын.
Қонасың..! Толқыным аймалар төсінді...
Астында ақ көрпе – тұманның
Тауып ап бағымды,
Жоғалтып аламын есімді...

Оянсам –
Сені іздел сынарсыз жүрермін...
Санамды сығымдап мың түрлі ой.
Өнімде кездесіп,
Шырынын татырсын гүл ернің,
Әйтпесе, оянбай қалуым мүмкін ғой...

МЕН КЕЛДІМ...

Мен келдім тағы да алдыңа,
Көктем бол күлімдеп дидарым.
Сен мені сағынып қалдың ба?
Ұмытып қалдың ба?! Беймәлім...

Мінекей, Сен тұрсың алдыңда,
Көктем бол күлімдеп дидарың.
Қып-қызыл жүректі ал, мына!
Қып-қызыл раушан ғып сыйладым!

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Мен Сенен кеткелі... қаншама
Күнтізбе парағы жыртылды?
Келдім ғой... қанатым талса да,
Еске алып бал шакты былтырығы!

Қанша ай көрмедің? Ал, сана!
Қанша ай көзінде мұн түрді?
Кәнекей, қуаншы ән сала,
Ұмытып өкепендей былтыры!

Мен келдім Сен үшін ақын бол,
Өлеңмен жолыңа гүл себер!
Махаббат, сенде алар ақым көп,
Әй, бірақ, мұныма кім сенер?!

Жан қалқа, сезімді жақ үрлеп,
Лаулауға, маздауға мұрша бер!
Ернімнен сүйіп көр жақын кеп,
Көздерің сене алмай тұрса егер!

* * *

Осылай үзіледі үмітім әр.
Мен бір қызға ғашықпын... (жігіті бар!)
Кешкі қызыл нұр тамған ернінде,
Өткініштің үйты бар.

Құсқанаты келерде тағы құстар,
Оңаша жолығуға жаңы құштар.
Түндей қараышынан, мені ойласа,
ағып түсер
жұлдызды сағыныштар.

Оған ынтық көздерім – ұры, құмар,
(Жүз жеңіліп тағдырдан мың ұтылар)
Мауыздай мұнды қауыздай кірпікке ілсем –
Танғы аппак сезімнің бұны тұнар.

Бұл ғашықтық жүректен өшпес оңай,
«Кел» десе алмай, немесе, «Қош» десе алмай...
Өштесе алмай өкінтекен уақытпен,
Түнерем де отырам кешке солай.

Ал, ол болса... демінен гүл қаулатып,
Адалдығын түкті қол Түнге аулатып...
Сосын...
Тәтті-тәтті мен жайлы түстер көрер,
Ән болған өлеңімді тыңдал жатып...

Маган ғашық, тек әттең жігіті бар!
Мұз боп қатқан мұңым сол... Жібітіп ал?!
Түсіндегі тәп-тәтті кездесулер –
 Таңсыз бере ол дағы ұмытылар...

СЕН КЕТИП БАРАСЫН...

Сезімді жүректе гүлдеген,
әкетті Күз ұрлап.
Оқынын түнге өлең,
Сыбызы – самалдық тілінде
ызыңдал.

Түнге өлең оқығым келеді,
Жаңбыр боп егіліп,
Жел болып ызыңдал.
Сен кетіп қалғансың себебі,
Ақ қарда әдемі ізің қап.

(дей көрме «не деген заржақ бұл»)
Қайтейін, қайырылмай барасын.
Кардағы із ғана жалғап тұр,
Мендерігі кінәмен,
Сендерігі реніштің арасын.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Сен кетіп барасың...
Сұп-сүйк қойынын ақ қардың,
Ып-ыстық жасыңмен күйдіріп.
Мен қалдым сол қимас шақтардың,
Елесін есіме түнетіп,
Бейнесін жүрекке сыйдырып.

Сен кетіп барасың...
Тас бекем төзіммен,
Қайтадан келмейтін сияқты.
Мен сені шығарып салайын
көзіммен
қайтадан көрмейтін сияқты.

Сен кетіп барасың...
Маған... сосын өмірге өкпелеп,
Мен сүйген ернінді тістелеп.
«Әу, баста жолықтық текке» деп,
«өнінде кездеспей, кірмеймін түске» деп.

Сен кетіп барасың...
Емдетіп аласың уақытқа
Жаныңың жарасын.
Мен қала бермекпін осылай...
Ешкіммен ешқашан таба алмай жарасым.

ҚОШТАСУ ЖЫРЫ

Кездеспейтін шығармыз мүмкін енді,
Сағынсақтағы қаншалық.
Шын ғашықтардың бұл ғұрпы ма еді,
Қоштасса... көзден тамшы ағып...

Боздайды-ау сосын мұнды бір ән сап,
Өксіген көніл – боз інген.
Кештерді еске ап, тұнді бір аңсап,
Қыдырған қалқам өзіңмен.

Қия алмай соны жылайық, жаным,
Шыдармыз қайтіп жыламай.
Өмірлік жарға ылайық жанның
Қалғаны артта...бұл қалай?

Көнбеймін бұған!
Адыра қалсын қағидаларың.
Мен саған қайта оралам!
Көшпей тұрғанда бақиға жаным,
Оралам қайтіп, бол аман.

«Қосылmas мәңгі шын ғашықтарың»—
-Далбаса мұның барлығы.
Күт мені, келем, тек асықпағын,
Шашылып шыңға таң нұры,
Келесі жылы тамшы ағып тағы,
Тағынан тайып ығар қыс.
Қаланың қайта ән салып бағы,
Біз кездесетін шығармыз.

Мұңайма!

* * *

Мына түннің әр секундын ұзартып,
Екі көзді қанталатып, қызартып.
Сені ойлап үйқы көрмей тұрсам да,
Сені ойламай жатқан түннен жүз артық.

Сенің мұңлы жанарыңдай түн мынау,
Шабытыма салып отыр қыл бұрау.
Ұят, сенім, тағы не бар, барлығын,
Махаббаттың құрбандығы қылдым-ау.

Аға, сөкпе! Іні, кешір! Дос, түсін!
Ғашықпын ал! Жарты әлем естісін!
Қадірінді Қарағанды білмеді-ау,
Біздің басқа бүйірмажан қош, құсым!

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Күлме маған, күлме маған Астана!
Күлгөн жандар жетіп жатыр басқа да!
Есілінді көз жасымен тасытқан,
Сол сұлуды сен де есінген тастама!

Жаным тағы махаббатқа шөлдеп тұр,
Соным үшін достарым жүр жерлеп кіл.
Мен сүйимеген сол қыз ернін Жел сүйіп,
Мен суртпеген көз моншағын Жел кептір.

Желден басқа кімге аманат етейін?
Е, әлгі Тұн бар еді ғой...
Тұнғе аманат етейін.
Достары ше? Достары жоқ ол қыздың,
Жігіті ше? Бола алмадым, не етейін...

Там-тұмдап сабырдан арылып,
Ап-ауыр бір ойға малынып.
Шап-шағын бөлмеме сия алмай,
Үп-үлкен әлемнен сені іздең, сабылышып...

Жап-жарық жалғанды түрлентіп,
Жап-жасыл Бағымды бүрлетіп.
Көкпенбек көктемгі жусаннның,
Жеп-женіл жұпарын үрлетіп.

Тап-таза көңілмен – ұдайы жас,
Біп-биік еңсем бар – мұңаймас!
Ес-түссіз жүргегім
сезімге
шіп-шикі мас бүгін, удай мас.

Тұп-тұлдырып тәзімсіз қалып Мен,
Дәп-дәл сол елгезек қалыппен.
Тұп-тура жаңыңа жетсем ғой,
Жып-жылдам! Жарысып жарықпен!

Қым-қиғаш жолдардан бүкіл көп,
Аман-сау жеткенге шүкір деп.
Жұп-жұқа көйлектің астында,
Нәп-нәзік Жүргің лупілден.

Тұп-тұннық жүзінен Ай көріп,
Жап-жарқын құлқінде қайғы өліп.
Сұп-сұық Тағдырым тоңдырса,
Ың-ыстық құшағың жай келіп.

Қап-қалың шашыңды тарқатып,
Қып-қызыл ерініңен бал татып.
Қап-қара тұн өтіп қойныңда,
Аппақ бол қасында таң да атып.

Тәп-тәтті қылышың ұнап қап,
Мәп-мөлдір көзіңе құлап қап.
Жап-жақын жүргенде қуансам,
Ап-алыс кеткенде жылап қап.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

МЕН АЛЫП БАРҒАН ҚАР...

Менің ізімді жуып кетеді,
Сенің жүзінді жуып өтеді
Жаңа жаңбыры

Жаңа көктемнің.
Жаңа көктемнің
әрбір гүліне жаралы еткенің
жанымды менің
мәлім болады. Сағынғандығым...
Жаныңнан бір күн табылғандығым...
Қарың, білегің
Мойыныма келіп асылғандығы,
Күнәнді ақ қар жасырғандығы
Мәлім болады.

Біздерді тағдыр кеш қосқан күні,
Кездесіп... сосын қоштасқан күні
Жаңың жаралы
Қалғанды айтып, Орындалмаған
арманды айтып. Жолы болмаған
махаббатынды

Өлең ғып оқып беріп көктемге,
Мен алыш барған қар еріп кеткенде...

маған ақырғы
хат қылып жазып сағынышынды –
жаңа көктемнің жарығы сынды
бір сәттік қана
жаңылысынды қайталағың кеп,
келші деп тағы айта аламын деп...
Мұн, шаттықа да
бірге төзем деп, бірге көрем деп
тағдыр жазғанын, бірге көнем деп,
қындықтарға...

Жазып жіберші осының бәрін.
Жары да болмай досымның, жаңым,
иіліп қалмай
алдында оның, келші сен маған!
Махаббат оты өршісе жаман.
Түсінбес оны
Жұрт сол... жарамды қажап, қинаған.
Өңге айналсын ләzzәт сыйлаған
Түсім кешегі.

Сейіліп мұным қабағымдағы,
Үмітім сонда жанағымдағы
Лаулайды-ай келіп.
Жаңымда менің сен қалып, қарғам,
Кетсем ғой, шіркін, Мен алып барған
қардай бол еріп...

САҒАН

Көзіңнің ішіне толып мұн,
Сен мені суюден қорықтың.
Менен сәл ертерек тудың да,
Мен саған өте кеш жолықтым.

Алдыңан шықсам да көктем бол,
Гүлдетіп сезімді – кекпеңбек.
Тапталып үмітім, тап болдым
Сап-сары күзіңе әттең тек...

Мен жазғы таң болып жаңа аттым,
Әлемді өзіме қараттым.
Сен деген ең сұлу кеш болып,
Ең соңғы сәуленді тараттың.

Сүйсініп сол кешке көз ілгем.
Сен жайлы (бітпеспей сезілген)

Мерген ТОҚСАНБАЙ

тәп-тәтті тұс көріп... Ояндым –
ап-ащы жас ағып көзімнен,

Қатыгез кезеңді қарғадым,
(Басымыз қосылар бар ма күн?)
...Уақыттың желімен кетті ағып,
Ақ бұлттай кіршіксіз арманым.

ЕСЕРЛІК ПЕН БЕКЕРЛІК

Диптих

I

Терек түбі. Ескі орындық. Бәрі тын.
Қызы қаланы құшағына ап кәрі Тұн.
Ай толқынды сәулесімен сүйгенде,
Көл – көңілдің тыңдал үнсіз ағысын...

Күтем сені... келеді деп ырымдал.
Күлкіменен кеудемдегі мұнымды ап,
Сен келерсің жібек самал оранып,
Жанарында жұлдыз біткен жымыңдал.

Құзгі тұнгі жапырақтай дірілдеп,
Үздігулі құлағыма үнің кеп
«Сендікпін», - деп құшағыма енгенде,
Жүректегі өлген сезім тірілмек.

Жасыл шөптен жайып тастап көрпеше...
Қан қысымым көтеріліп төрт есе.
Алақанды аймалаған алқынып,
Оттай ыстық омырауың өртесе.

Ерніндең шиelerден үзіп ап,
Тамсанатын тәтті сәттер – қызық-ақ.
Сен кетерсің апақ-сапақ мезгілде,
Жон арқамда тырнағының ізі қап.

II

Терек түбі. Ескі орындық. Тыныштық.
Тағы отырмын көл самалын тыныс қып.
Қала да сол Тұн қойнында... үйқысыз,
Ай да көктен шашып отыр күміс түк.

Толқын да сол... көңілімдей мазасыз,
Жұлдыз ақты. Тұтпады оны аза Тұз.
Жан жаурады жалғыздықтан сірә да?
Бірақ қазір дала – сұық, ауа – сыз.

Көзімдегі көл – мұңымды шайқаған,
Қамыс жақта өзеурейді сайтан ән.
Жолға қарап сені күтіп отырмын,
Келмесінді білсем дағы қайтадан.

Жолға қарап... көз талдырам неге Мен?
Сен жоқсың ғой... ешкім де жоқ! Өлі әлем.
У жұтар ем ойланbastan тап қазір
Жан жарама осы болса егер ем.

Бейбақ басқа қайта қонбай Қызыры – Бақ,
Тағы қанша тұндер түсім бұзылмақ?
Сені... бәрін баяғыда ұмытқам,
Тек жүректе тырнағыңың ізі қап...

СУРЕТШІ ҚЫЗДЫҢ АЛҒАШҚЫ СУРЕТИ

*Ни куда не отпушу,
Ни кому не отдам!
Суреттің тәменгі жағындағы
қыздың қолтанбасы...*

Ол салған суретте:
Ақ балтыр қайыңың
Жап-жасыл жапырақ сезімі көктеген.
Арманның ақ құсы айдынның
арасын жалғайды көкпенен.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Ақ ұлпа ақша бұлт
Аспанда ериді еппенен.
Жүректер жалыны жанарда жақса үміт,
Қос ғашық құшағы айқасып,
Мұнартқан мұратқа беттеген.

Олардың бақытын жыр етіп,
Тобылғы ішінен бозторғай пыр етіп
Ұшып ед... әуеде ілініп қалды да...
Әдемі бір әнін әлемге гүл етіп,
Әдейі,
Жоқ әлде абайсыз төгіп ол алды ма?

Әп-сәтте,
Ән болып төгілген гүлді кеп
Құшақтап, сүюде ақ қанат қебелек.
Қып-қызыл қызы ерін шиелер
Қызғанып тұр әне үлбіреп.

Ал, анау бұлақта дәү де осы,
Мөп-мөлдір махаббат тұнып тұр.
Көзіңе шағылып ойнайды сәулесі,
Күн – сұлу қараса құліп бір.

Ал, одан әрірек,
Еңселі еменнің
Қолына қонақтап,
Сайраған бұлбұлдың әуенін
Тылсым күш жеткізіп тұрғандай құлаққа.
Осы бір көрініс
Ашылған терезе сияқты Жұмаққа.

...Солардың ішінде бір қызбен бір жігіт,
Соқпақ жолменен келеді бір жүріп.
Мұнартқан мұратқа беттеген екеудің
Жолдары айырылып екіге,
Үміті кетпесін үзіліп...

СУРЕТШІ ҚЫЗДЫҢ АҚЫРҒЫ СУРЕТИ

*Жизнь – это не те дни,
что прошли,
а те дни что запомнились...*
*Суреттің тәмәнгі жағындағы
қыздың қолтаңбасы...*

Ол салған суретте:
Ақ балтыр қайыңға
Сап-сары сағыныш бояуын жұқтырып,
Күз келген.
Қара көк толқынды уайымға
Арманның ақ құсы
Қайтадан қонбасын ұқтырып...

Жылатып тым жиі аспанды,
Сұп-сұры бұлттардан сұп-сұық жас тамды,
Жүректің жалынын өшіріп.
Жалғыз-ақ Жел жүрер сезімге – түкіріп,
Еліріп, есіріп, құтырып...

Тобылғы ішінен пыр етіп көкке ұшып,
Әнін де айтпайды бозторғай.
Көбелек қонуды қойған соң
Гүлдер де кетті үсіп.
Құстардың базарын тарқатып,
Тұр әне қаңырап бос тоғай...

Күн ойнап бұлақтың көзінде,
Сыңғырлап күлмейді қыз құсан.
Жылайды ол...
Оныңда еңсесін езді ме?
Сұмырай – құзғі шақ.

Осы бір суреттің ішінде,
Мұнчылау, жабырқау пішінде.
Бір қыз тұр сағынып ғашығын...
Кім біледі, ол мүмкін келеді,
Түсінде...

АУЫЛ КЕШІ

Бөгемесін деп бесінде көктегі нұрды,
Жел айдап әне әкетті өтпелі мұнды.
Қарағай – мұрты тікрейген кәрі таулардың
Жағалай көлді сап тізген бөктері – гүлді.

Қарауытады орманның шеттері шилі,
Ырғала билер кешкісін шөптері биді.
Қызыл көз Күннің қарағанынан ұялып,
Қыз толқындардың көлдегі беттері күйді.

Қақ бөліп жүзген аққу-қаз күйлерін бүркіп,
Ақ көбік атқан айдынның жиегі – іркіт.
Аққұба қызбен ән айтып барсам іңірде,
Аулаққа бізден ұшатын үйрекі үркіп.

Алдыымда жатыр, шіркін-ай, дөңгелеп айдын,
(Жанымды сірә, мұндайда мендерме қайғым?)
Көк желеңтерін Тұн сүйіп ақ қайындардың,
Ақ етектерін нұры орап дөңгелек Айдын.

Қамысын көлдің тұндерде құлдірген желі.
Бармақтай еді бұл сайдың бұлдіргендери.
Бұлдірген терген бойжеткен қайда еken қазір,
Сағына ма еken сол сай мен бұл күнде мені?

Тастарын қырау шалатын тұнгі ызғар өбіп,
Анау бір сайға әуелден ынтызар едік.
Алагеуімде аяңдап ауылға қайтсақ,
Аспанға сіңе бастайтын жұлдыздар еріп...

Шөл басып талай кәусардай бұлақтарынан,
Аққұба қызға бұл жерде сыр ақтарылған.
Жалған күндер-ай оралмас, арман тұндер-ай,
Сендермен күліп қоштасқам,
Жылап сағынам...

КИТАПХАНАДА

Көкшетау. Кітапхана. Сәуір. Түс.
Жалғызбын. Ағасыз, бауырсыз.

Қаңғырып келіп ем жоспарсыз,
Қаңғырып кетермін... достарсыз.

Беймаза тірліктен қашып кеп,
Тыныштық, мен саған ғашық бол.

Отырмын тығылып осында,
Осында: ағам да, досым да...

Шаң басқан анау бір сөреден,
Күледі көп қызға арналған көп өлең.

Жүректе сезімім құлпырып,
Көзімде мөп-мөлдір жыр тұнып.

Оқимын, оқимын қызығып,
Ынтығып, үздігіп, үзіліп...

Мағжанның ұнатып Гүлсімін,
Жүректің үдettім дүрслін.

Басымнан өткеріп Қасымның қайғысын,
Аңсадым Жұматай Ләйлісін.

Сүйсем деп, сүйісіп көрмеген сұлуды,
Берсем деп Кеңшілік бермеген жылуды.

Жұмекен балмұздақ әперген,
Сол қызды... бақытты етер ме ем?!

Ақ раушан ішінен көрінген,
Аруды – қастары керілген.

Сүйсе деп сиқырлы сөздермен өлеңім,
Мұқандай жырласам деп едім!

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Бар ойым бұзылды ойран боп,
Бойжеткен бір кітап алған боп,
Біресе қойған боп...

Алдынан бері өтті, әрі өтті,
Маздатып мендегі әр шоқты, әр отты.

Жанары жәудіреп, кірпігі дірілдеп,
Жүргім елжіреп, көздерім күлімдеп.

Қолыңнан ұстасам бүгін деп,
Қойныңда өтсін бір түнім деп,

Ар жағын несіне айтамын?
Сайрады, сөйлемді сайтаным...

Өйтпеске бар ма еді амалым?
Көркіне байланды жанарым.

Бұрымды.
Бұрымы – бөксеге жетеді.
Бекесі – бұлтың да бұлтың етеді.

Киімі кіндіктен жоғары екі елі,
Және де тізеге жетпейді етегі.

Кеудеде қос алма тырсыып,
Киімге ол да әрең тұр сыйып...

Сол күні таныстым кітаптар ішінде,
(Сол күнгі күнәмді есіме түсірме!)

«Жаным-ау, тездетші, күттірме!»,-
дедім де әкеттім түкпірге...

Еркіне қоймады мендегі қызбалық,
Ақындар қалды үнсіз, қызғанып.

Жанымды әу, баста шуаққа бөлеген,
Мұнайып қарады көп сұлу, шаң басқан сөреден...

ТОҚЫРАУ

(*досымның атынан*)

Қай жерде отырмын?
 Қай жақтан келгенім беймәлім.
 Ұмытқам... балам мен әйелім, үй барын.
 Жастығын жоғалтқан жүргегім – саксафон –
 Үзілген үміттей жалғайды кейде әнін.

Көзімді – көк тұтін,
 Есімді – ақ тұман басыпты,
 Жегі өмір мендері жігерді жасытты.
 Кереуан қундерім келді де,
 Кермарал түндерім кетуге асықты.

Құмарым басылмай, құшқым кеп тек сені,
 Құлазып көнілім келмestі көкседі.
 Сен болып елестеп алдымда
 бұландаап сайтан жүр – бөкселі.

Қолыма жартылай ішілген құтыны ап,
 Шер толған өзегім шытынап.
 Таң ата үйіме барамын, ап-аңы
 Сағыныш үымды жұтып ап...

ЕСІНДЕ ҚАЛМАҒАН СИЯҚТЫ...

Жалғыз түн жанымды жаулаған,
 Жалғыз үн көнілімді аулаған.
 Құштарлық сезімі қу шөптей,
 Шоқ тиіп лапылдаап, лаулаған.

Көнілім сені іздеп толқиды,
 Сен бірақ сезбейсің ол күйді.
 Ақылым аулаққа тартса да,
 Жүргегім жанында бол дейді.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Сол тұн-ау,
Оралмас қайтадан.
Мен енді кімге арнап айтам ән?
Жырымды кімге арнап оқымын,
Өзіңсіз қалайша жай табам?

Ойнап ек екеуміз есіле,
Көп жерге жеттік-ау кесіле.
Ойнап ек, ойыннан от шықты,
Келіп ең мені іздел несіне?

Кетердей езіліп ерінің,
Сүйдің де, талықсып ерідің.
Бақытқа бөленген сияқты ең,
Қойнында еріңнің...

Тарқатқан шаштарың өрілмей,
Таң ата жат көзге көрінбей.
Сен кеттің. Біз қонған бір бөлме,
Көрінді махабbat көріндей.

Ертесі көктемнің кешінде,
Мен сүйген ізбенен тесінде.
Барасың басқамен... Өткен тұн
Қалмаған сияқты есінде.

КӨПІРДІҢ ҮСТІНДЕ

Көпірдің үстінде көп тұрып,
Бетіңді самалға өптіріп.
Сен тұрдың құлімдеп, еркелеп,
Жүректен жасымды төктіріп.

Судағы балыққа қызығып,
Қарадың өзенге сыйылып.
Мен тұрдым айтатын сырымды,
Тұрса деп айтқызбай қыз ұғып.

Әй, қайдам, айтсам да ұқпассың,
Дөртіме шипа боп жұқпассың.
Жабық ед сезімнің сарайы,
Сен аштың дәп тауып тұтқасын.

Сайраттың бағымда бұлбұлды,
Сыйла деп ұсынды қыр гүлді,
Тіл қатпай тек үнсіз тұлаған,
Қайтейін, жүрегі құрғырды?

Қолымнан келмейді басқа түк,
Жанағым қарауға жасқанып.
Сен әсте сезбедің кірпіктен
Кеткелі тұрғанын жас тамып.

Шыбын жан қиналып, құлдырап,
Су жатты төменде сылдырап.
Мен тұрдым сүйсініп судағы,
Бейнеңе көрінген бұлдырап.

Көпірдің үстінде...

ХАТ ЖАЗБАШЫ

Сендері ең іңкәр сезіммен,
Хаттарың сүйеді көзімнен.

Хат жазып шығасың түнімен,
Сағынып жүрсің бе шынымен?

Шынымен кездескің келе ме?
Ұмыта салмайсың о, неге?

Біз деген қос көздің жасымыз,
Әйтеуір қосылмас басымыз...

Құдай үшін,
Сен маған хат жаза бермеші,
Сезімді өлтірші, жерлеши!

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Сен мені шақырма, бармаймын!
Мен сені шақырсам – келмеші!

Сен мені сағынба, аңсама!
Қараши, мендейлер қаншама!

Ұмыта салуға бекігем,
Сен дағы ұмытшы, өтінем!

Күнәлі болмайық Құдайға,
Осыған жүрегің шыдай ма?!

Хат жазба! Неге деп сұрама!
Қош енді, жылама! Жылама...

АҚ СЕЗІМ – АҚ ГҮЛ

Келемін... көшемен таныс кешкілік,
Көңілге күпті белгісіз бір күй кештіріп.
Ес кете сүйіп, есалаш болған басыма,
Қалғандай енді шамалы болсын ес кіріп.

Есінде бар ма?
Көктемнің сол бір таңдары,
Ақ жауын жауып, басылған көше шаңдары.
Біз үшін ғана жанады деуші ең күлімдеп,
Қараңғы түнде қаланың сансыз шамдары.

Біз үшін ғана...
Біз үшін ғана жайқалып жасыл желектер,
Түндерде тілсіз тербелген қайың, теректер.
Біздерді ғана жасырды бақтар бауырына,
Кереметке бұл екеуміз ғана себепкер...

Дегеннің бәрі өтірік екен. Бұл бақыт -
баянсыз бопты. Қана алмай жүрек сырға түк.
Аңсаймын сені, сағындың сен де білемін,
Көзіңнің жасын жастығың түнде құрғатып.

Әйткенмен, бірақ, арамыз алыс ендігі,
Басылып қалды сеземін сезім ентігі.
Сен келмедің кешірім сұрап, мен бармай,
Тарылып кетті дүниенің көндігі.

Көшемен сол бір (бақытты) күндер ізі бар)
Келемін жалғыз, тәтті күй қайда біз ұғар?
...Қоштасқан күні жүректен тамған жасымнан,
Нәр алып өсken ақ сезім – ақ гүл, үзіп ал!

Саған сыйладым...

ЖҰЛДЫЗ – ҮМІТ

Тілімдеп қап-қара аспанды
Сөнуде... сөнуде жұлдыздар.
Жанардан шым-шымдаң жас тамды,
Жалғыздық аңқыған ауада

Түнгі ызғар.

Бір тамшы жастай боп мәп-мәлдір
ағатын арудың жүзінен тайғанап,
Жұлдыздар – шашылған көктен нұр.
Түнекке жұтылды...
Біреуі бірінің тағдырын қайталап.

Жұлдыздар – жұмыр бас пендедей.
Көктегі Жұмақтан қуылып,
адасты Жердегі бес күндік жалғанда.
Армандаій биікте туылып,
тәмендең сәт сайын
ең соңы жер құшып қалғанда –
жылады жүргегім.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Жылады...
Жөргекте жылаған кезіндей,
Көк жұлдыз – ақ арман жатқанда жер құшып
Сен жүрсің түкті де сезінбей.
Жапыраққа жазылған жырларым
жатса да желге ұшып...

Бәрібір боп саған бәріне!

Бәрібір:
Сезімдер гүлдемей солса да,
Өшсе де үміттер бір-бірлеп.
Қарлығаш – қиялдың қанаты сынса да,
Тұрса да әл кеткен Төзімнің
тізесі дірілдеп...

Бір ауыз сез айтпай жұбатар жанымды,
Бір ауыз сез ұқпай танымың тарылды.
Қолымнан ұшырған кептерім,
Қайырылып соқпадың,
ұмытып дүниеде барымды.

Жә, қайтем мұң шағып.
Мұнымды түсінер жан ба едің сен тегі?
Бақыт боп жолығып,
жоғалып сорыма айналған,
Ең асыл армансың мендегі!
Сенімен бірге өткен күндерім – керемет,
түндерім – тәтті еді...
Біздің бұл оқиға –
соңында махаббат өлетін –
қайғылы ертегі.

Осылай қақ жарып қап-қара аспанды,
Соңғы рет жарқ етіп сөнді әне бір үміт.
Құдайым, өтініш,
Аспаным жұлдызызың қалмасын!
Онсыз да өмірім барады бүлініп.

СЕН БАРСЫҢ АР ЖАҚТА

Қабырғаның ар жағындағы
«қабырғама» арнаймын.

Сен – арғы жақтасың,
Мен – бергі жақтамын.
Обалым қанша? Тақпа сын!
Онсыз да омалған шақтамын.

Жасаған күнәммен,
Сенімді өлтіріп.
Қабырға қаладым күмәнмен,
Жүргегім жұз жерден көртіліп.

Көргің де келмейді,
Көре алмай қиналад.
Сезімнің гүлдері өлмейді –
Сен үшін жинаған.

Үнінді естімін,
Күлкінді тыңдаймын.
Кешірім сұрау да кеш деймін,
Жанымды жегідей жеп жатыр – мұң-қайғым!

Күлдіргім келеді
Кей кезде күрсінсөң.
Ішімде сабырым өледі,
Жаным-ау, мұңайма, құрсын, сен!

Жатамын тың тыңдалап,
Сен барсың ар жақта.
Сыңар аққу сені іздеп сұнқылдалап,
Шарлайды жер-көкті... зарлатпа!

Аңсаймын өзінді,
Несіне алдаймын?
...Біреуді сағынып сулама көзінді...
Мен үйиқтай алмаймын...

ҰМЫТШЫ БӘРІН...

Көрші үйден құлғені естіледі,
сөйлегені де...
ал, сыртта қара көлеңке Кеш құледі,
күрсінгенімді мазақтап кейде менің де.

Батыста әне өшіп барады,
Қызара батып – Үміт – шырағым.
Құс жолыменен көшіп барады,
Бал дәурен күндер... ұмытшы бәрін!

Ұмытшы бәрін, Жүргім, менің,
Сен жыламасаң болғаны, шерлім.
Әй, мені қойшы!
Мен,
Мен өтірік күле білемін,
Бірақ, шынайы толғанушы едім...

Жүргім,
Екеуміз оған баратын едік,
Сен – шынайы жылап,
Мен – өтірік күліп.
Көзімде менің қала түнеріп,
«Бәрі жақсы» деп алдаушы ем Оны,
Көзімнен – мұңым оқылышп тұрып.

Ол менің сөзіме сенгендей болып,
жұбанушы еді –
өтірігім шығып тұрса да.
Оны көргенде
Жұмақ бағына енгендей болып,
қуанушы еді
Жүргім... (қосылмасымды ұғып тұрса да).

Ал, бүгін ол қыздан қалған естеліктерді,
Есімнен мәңгі қуып шығамын!
Жылата бермесін кешкілік сені,
Жүргім, сен де ұмытшы бәрін...

БАҚЫТЫМ ӨЗІҢМЕНЕН...

Көрші үйдің ауласында жамылып Айдың нұрын,
Тұрушы ек қоштаса алмай, жүректе арман көктеп.
Қауызы қызыл арай жапырақ жайдың гүлім,
Бақытым өзіңменен... бақытым алдан күтпек!

...Сен көшіп кеттің, әттең – жүрекке жара салып,
Мен жылап тұрған жоқпын – көз жасы қарашаның.
Жұлдызы құлімдеген аспаным аласарып,
Жапырақ алақанмен көктемге бал ашамын.

Көктемге бал ашамын үзілген үміттермен:
«Алда бір кездесу бар!»; күтемін, сағынамын...
«келмейді», - деп құбірлекен көлеңке құдіктерден
қорқамын.

Салмағы ауыр басады тағы да мұн...

...Көктем де келді ақыры: көк сағым көлде билеп,
ән салып мылқау Аспан, сөйледі сақау Орман,
айдынын аңсап аққу, көліне шөлдеп үйрек...
Көктем де келді ақыры! Қайдасың, ахай, арман?!

P.S

Көрші үйдің ауласында жамылып Айдың нұрын,
Сен емес! Басқа қыз тұр – көзінде жұз арманы...
Жанымды осқылады қанжардай қайғым бүгін,
Бақытым бұл қыз емес! Бақытым – Күзде қалды...

САҒЫНЫШ... САНДЫРАҚ...

Ең соңғы сәттегі
Е-е-ең соңғы сүйісү...
О, қандай тәтті еді.

Дәл бүгін елеске айналып,
Келмеске кеткендей көрінді.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Сол үшін Күн – күлмей, Ай – налып,
Кіреуке бұлт торлап көгімді,

Мұң басып кіршіксіз көңілді,
Санамды сағыныш жайлаған.
Көлеңке билесе өңірді –
Күлкімен қоштасып – қайғы алам.

Тек ойша өткенге оралып,
Өзінді іздейтін боп алғам.
Сол күзде – жапырақ тоналып,
Сол күзді – бақыттым жоғалған...

Іздеймін.
Ойлаймын күнімен,
Аңсаймын түнімен... Күткенім
Қайдасын? Сағындым бүгін мен
Жанымның жұпарлы көктемін.

О, менің нәп-нәзік ақ гүлім,
Оралши жалынам, өтінем.
Өзіңсіз сұп-сұық бақ бүгін,
Жылышты сезімнің отымен.

Татыршы, ерніңнен шырындей,
Теніздей тасысын мерейім.
Е-ең соғығашықтық жырындей,
Мен сосын жыр оқып берейін.

Тыңдаши,
Ол – жүрек лұпілі,
Ол – аппақ, тап-таза сезімім.
Ол өлең – үмітім үкілі,
Күтуден талмайтын төзімім,

Ешбір жан естімес ешқашан,
Бұлыққан жанымның айқайы.
Сен келсек мұныммен қоштасам,
Сен келші барлығын айтайын.

...Міне сен құлімдеп келесің,
Есігін аштың да бөлменің.
Жо-жоқ бұл сен емес – елесің,
Жай ғана қиялым ол менің.

Жоқ, әлде, түсім бе? Белгісіз,
Түс болса оятпа, Тәңірім!
Бұл неткен қуаныш сенгісіз,
Оянсан өшкені бәрінің.

Қазір таң атады ағарып,
Сөнеді жұлдыздар көктегі.
Кетесің сен бірге жоғалып...
Мына түс не деген тәтті еді!

...ертең де көрсем ғой...

ТҮНМЕН ТІЛДЕСУ...

Әр таңды көз ілмей қарсы алу – әдетім.
Есікке телмірем кірердей әлдекім.
Бүгін де күтемін...
Ол бәлкім кеп қалар?
Кідірші сәлге, түн.

Түн, неге асықтың?
Тыңдашы,
Ол қазір келеді сыңғырлап сырғасы.
Ол сенің егізің сияқты жарасқан.
Қастары – қара орман,
Шаштары – қара аспан.
Айнадай айдыннан көрінген Ай сынды
Әдемі сұлбасы.

Мен оған...
Мен оған ғашықпын бұрыннан,
Бағымды қоса өрген бұрымнан
Тарқатып ала алмас ешкім де.
Е-ех, оны ұмыту кеш мүлде.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Ұмыту?
Ақымақ десе де ел мейлі,
Оллаһи ұмытқым келмейді.
Тілтен-ақ болмасын жарым да,
Мен өмір сүргім келеді
Сол жанның жалғанда барында.

Тұн, сен оны көрсөң ғой...
Күтсөңші, берейін сый-ақы,
Ол сенің егізің сияқты.
Ол барлық қыздардан әдемі!
Көздері - кек жұлдыз,
Жамалы – Ай,
Еріні – еріген құлпынай, ал демі –
Жеткізген жұз гүлдің жұпарын –
Самалдай.
Ол келсе тек тұнде келеді.
Тұн, Патшалық құра тұр тағы аздал.
Келеді ол – жанары жәудіреп,
Жүргегі елжіреп...
... Сағыныш әтірін бір бүркіп қағазға ақ,
Аспанмен хат жазып жібергем, өткенде
«кеңші», - деп.
Күтейік тағы аздал.

ҰМІТ

Өзіме естілмей өз әнім,
Күн жеген кенептей тозамын.
Сіміріп алдым ба білмеймін,
Әлемнің кір-қоқыс, тозаңын.

Ақ жаным кірлеген, ластанған,
Ақ жауын қутемін аспаннан.
Бейкүнә күндерім кеткелі,
Беймаза тірлігім басталған.

Жүректің тыңдатпай лүпілін,
Уілдеп сыртта жүр үкі – Тұн,
Сен бүгін кетпеші қасымнан,
Үлпілдек үмітім, үкілім.

Сен айтқан ақ таңдар арайлы,
Жеткізбей төзімді қанайды.
Үркітіп тағы да үйқымды,
Көлеңке күдігім қарайды.

Білесің мұңымның себебін.
Жоғалған айтпастан дерегін,
Көлімнен шошыған аққуым,
Әлі де оралар деп едін,
Бәрі де оңалар деп едін...

Мен сениң сөзіңе сенемін, үмітім...

* * *

Жапыраққа жазылған хаттарым,
Жыртылдың, жұлдындың, тапталдың...
Еркемнің есінде сақталмай,
...жадымда жатталдың.

Жапыраққа жазылған өлеңдер,
Сендерге көнілім елеңдер.
Көктемде ойыма оралып,
Құздегі мұңымға бөлеңдер.

Құздегі үзілген сырларым,
Сендерді сағынып тұрганым.
Көктемде көктейтін көп гүлдер,
Білмейді-ау, өткенде мұң барын.

Білмейді-ау, алда әлі құз барын,
Сезбейді-ау, сұғын, ызғарын.
Сол құзде соғы рет қоштасып,
Ең алғаш жаурадым, мұздадым...

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Содан соң бұлар да,
Соңғы рет жылайды құларда...
Біреудің жадында жатталып,
Біреудің есінен шығар ма?!

Біреулер сағынар бұларды,
Сағынар тандарды тұманды,
Сағынар кештерді мұнарлы...
Сағынар...

Сағынар...

Кандырып ала алмай құмарды.

Бұлдырап көзімде соқыр мұн,
Сол кезде мен өлең оқырмын.
Ал, қазір,
Сағыныш оранған сол күзбен,
Сол қызды сағынып отырмын...

* * *

Жайнаған жанарым,
Жырлаған жүргегім – жарапым.
Оймақтай аузынан бал татып,
Омырауын іскегем –
Жұпарын жинаған даланың.

Шаштарын тарқатсам – түн болып,
Мандайын сүйгенде – таң атқан...
Бар уайым жоғалған күл болып,
Таңдайым тәтті өлең таратқан
күндер-ай,

Сырғыды сынаптай,
Сағымдай жылыштап.
Сүйген еді...
Бір күні-ақ ұнатпай,
Сағынбай,
алыстап...
Ұмытты ақыры.

(О, неге бұзды екен тәп-тәтті түсімді?)
(О, неге үзді екен әдемі әнімді?)
Бар еді ақылы,
Түсіне білетін жанымды,
Сезіне білетін сезімді,
Журегі еститін сөзімді...

Білмеймін. Тұқ ұқпаймын.
Кінәлап қайтейін сол Құзді...
Деуші едім: «мәңгілік ұмытпаймын...»
Ал, неге ұмыта бастадым сол қызды???

МЕН ЕШТЕҢЕ ЖАЗБАЙМЫН...

Мен ештеңе жазбаймын, сен ештеңе...
Тас кептеліп көмейге, өңешке де...
Сәредегі жап-жарқын естеліктер,
Көленкелі ымыртта көмескі ме?

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Көзіме көрінбеші.
Тұске кірме, кездеспе өңімде осы.
Сенсіз дағы таң – жарық, күні – сұлу,
Түні – әдемі бұл жаздың, керім – кеші.

Бізді көрген тал-қайың кешелері,
Ескі қала – көнерген көшелері,
Бәрі, бәрі сен жайлы өлең оқыр,
Еске салу өзінді – Кеш өнері.

Сосын дағы ұмыту қыын сені,
Естеліктер сөйлесе – миым соры.
Шанағынан кеудемнің күмбірлеген,
Күрсініске ұласып күйім соңы.

Сосын менің жадымнан өшесің бе?
Өлең жазам тағы да есесіне.
Қисық мінез, түп-түзу өлеңдердей,
Сені іздеймін миымның көшесінде.

Сен ештеңе жазбайсың, ұмытқансың...
Ит – мұңымды ішімде ұлытқансың.
Мен әдейі барлығын ұмытып ем,
Қайдан еске түстің сен? Құрып қалсын..!

ЕСКІ МҰҢ

Ескі қала. Ескі көше. Ескі мұң,
Ескіше еken сен жақта бәрі естідім.
Есер желдей боп елбендей шығып алдыңнан,
Ескі жараңның тырнасам аузын кеш, күнім.

Жанында сенің жұлдыздай уақыт ағатын,
Кездесер күннің санаушы ем әрбір сағатын.
Ескі көшемен үйіңе барсам, жолыма
Жапырақ біткен төсейтін нәзік қанатын.

Мен жақтан мына қателік кеткен тұс бар ма?
Айла таппадым басымда бақты ұстарға.
Ескі көшені жаңғыртып бір ән салушы ем,
Өзіңе арнап... қосылып қайтқан құстарға.

Сен жайлы ойлар жүрекке тиер шаншила,
(Қоймайды одан тағы да бірақ жан шыға.)
Терезенді қафатын едім қосылып
Қап-қара бұлттан жауатын аппақ тамшыға.

О, күндер, шіркін, шаттыққа толы кез еді,
Оралмайтынын жүргегі құрғыр сезеді.
Ескі көшені бұрынғыша бақытты,
Екеуміздің елестеріміз ғана кезеді...

Қадірінді білмеппін сенің кеш, күнім,
Сенің некенді, менің жолымды кесті кім?
Жаңа отаудың жақсан да отын әлі де
Сен мені ғана сүйеді деп естідім.

* * *

Саған баратын жол жоқ қой енді, жол жоқ қой,
Қайтейін, жаным, ерніңе сенің шөлдettі ой.

Бұл өмір деген ойын емес қой, ботам-ай,
Бәрін басынан бастай салатын оп-оңай!

Бәрін басынан бастай алмаймыз, не етеміз?
Қай жерден кетті, білмеймін, біздің қатеміз?

Өкініп қалдым, опынып қалдым мен неге?
Жалғыз ұлыңмен отырып қалдың сен неге?

Жылайсың жалғыз сүйқ төсекке құлап кеп,
Жалғыз ұлыңа «тек жалғыз қызды ұнат», -деп,

ақыл айтарсың, «жылатпасын деп басқаны,
бір қызды сүйіп ұнатпасын деп басқаны...»

Мерген ТОҚСАНБАЙ

әкесі оның ұнатып еді тастады,
әкесі оның жылатып сені тастады...

жаның ашымай шыдарсың қалай мұндайға?
Бағың ашылмай... е, бұдан ауыр мұн қайда?!

Ерке қыз едің көтермеді ме назынды,
Сағынып жүрсің көктемдерінді, жазынды.

Мұңайып жүрсің өткенінді өмір қайтармай,
Қиналып жүрмін жұбатар түк те айта алмай...

ТӨРТ ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ

Біз танысқалы төрт жыл өтіпті,
Зымырауын қараши күндердің.
Мені,
Сағыныш деген дерпті жүдетьті,
Сені не жүдettі? Білмедім...

Төрт жылда қанша өзгеріс болды.
Өзгермес түк те деген ек!
Адам жүрегі төзбес іс болды,
Ақын боп төздім не керек!

Төрт жылда қанша ренжісіп қалып,
Табыстық айтшы қанша рет?
Түйіссе көздер енді шықтанып,
Танысқан шақты ансар ек.

Ол күннен айтшы көшті неше күн,
Сауық түндерді алыс қып.
Естеліктері ескі көшенің,
Мен үшін, жаным, әлі ыстық!

Екеуміз сонда ұғыспай ақыр,
Екі бөлініп кетіп ек.
Сөз қылмай соны... дұрыс қоя тұр.
Әйтеуір кеттік сетінеп.

Төрт жылда қанша жаралы болып,
Ұннатьым қанша сұлуды.
Қаншама қыздар талады келіп,
Саған сақтаған жылуды.

Өзіңнен маған ән естелік ед,
Әніңнен шексіз мұң қөрдім.
Жүргегім гүлге әуес келіп ед,
Жұз қызыға сосын гүл бердім.

Ал, сенің
Жүргегің мұңға әуес келіп ед,
Тағдырдан шексіз мұң қөрдің.
Тұрмысқа шығып, нәрестелі бол,
Ажырасып та үлгердің...

2

Үшінші бөлім.

КӨҢІЛ

КӨШ

(цикл)

Бірінші өлең

Бұл Даға

Көк Тәнірі мейір-нұрын түсіріп,
Қызыр қонып, Бақ дарыған деседі.
Қас дұшпанның зәре-құтын ұшырып,
Менің бабам ғұмыр кешкен кешегі.

Қойнында

Мың ертегі, жұз аңызы қатталған,
Киелі жер, ырыс мекен осы еді.
Балбалдарға жазып кеткен хаттардан,
Бабалардың өситеті еседі.

Бұл Дағаның

Ақ жаңбырда ақ арманы аңқыса,
Алтabyнда қолаңса мұң мұңқиді.
Әр көктемде бұлақтарын аршыса,
Бұла бастау көлге қарай үркіді.

Бұл Далада

Боз қурайды сыйызығы етсе Сал Самал,
Сайтан құсан жазда Сағым билеген.
Боз бағана қыл қобыздай болса дәл,
Жыннан бетер қыста Боран күйлеген.

Бұл Далада

Шашасына шаң тимеген күліктің,
Шаң астында ізі қалды көміліп...
...Мен Дағамның есті ғұрпын ұмыттым,
Ол да мендік есер салттан қорынып...

Мен Даланың
Жаға-женін жыртып-жұлып, кескілеп,
Улап, өртеп... (сорладым ғой, сорладым!)
«Залым елде зымиян ұрпақ өсті», - деп,
Кәрі Дала қор боп жатты – қорғаным.

Сосын менен бұлақ қашты, көл безіп,
Кетті айналып қара шұбар бұлт жаумай...
Я, Құдайым өлер ме екем шөл кезіп,
Үміт гүлін көз жасым да құтқармай?!

Жо-жоқ, қазір әлім жиып соңғы рет,
Қала жаққа көшемін де кетемін.
Арғы жағы?
Арғы жағын жол білер...
Бар білерім қала болмақ мекенім.

Мен Даладан көшіп барам осылай,
Мен Даладан қашып барам Қалаға.
Жазғырмашы жұртта қалған досым-ай,
Тұз сеппеші жүректегі жараға!

Шындығында
Қала бізге құт әкелер қоныс па?
Бар қазақты ұтып бәлен ұпайға,
Дала бізден көшіп барады орысқа,
Дала бізден қашып барады қытайға...

Екінші өлең

Сені ессіз сүйеттінім соншалық,
Көп өсектен саған бараС жол салып.

Елдің қаңқу сөзін дағы елемей,
Саған қарай ұшсам шолақ жебедей.

Өткенінді өкінішсіз қабылдап,
Сені үйге енгізген соң дамылдап.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Сүйіп жатар сол бір тәтті сәттер-ай,
Орындалмас арман екен әттең-ай!

Мен үйленіп, жасамақшы ем бөлек той,
Әкем елден көшемін деп әлек қой.

Сені үймен таныстыра да алмадым,
Сейтіп тағы жалғыз атты тандарым...

Жаншуағым, жадыратқан күнімді,
Сен түсінші менің ғаріп мұнымды.

Таныса ғой, сені күткен Ордаммен,
Сені мұнда жеткізбеді-ай жол да әбден!

Әкем міне, мынау үйдің иесі,
Шешем әне, мынау үйдің киесі.

Анашымның өшпей жатқан ошағы,
Соңғы үміттей... алғаш келін тосады.

Міне осы үй, осы шаңырақ – Отаным,
Отанымды кімге, қайтіп сатамын?!

Осы бір ой мұң естіріп көңілден,
Осы жерде мың естелік көмілген.

Осы бір үй ақ жүргегі тоқтаған
Сары әжемді жылдар бойы жоқтаған...

Жылдар бойы сары әжемді аңсаумен,
Балалығым өтті осында, жан сәулем.

Міне, осындаі сен көрмеген шаңырақ,
Қалады ертең, біз көшкен соң қаңырап...

Мынау үйден жирен қасқа ат мініп,
Шығушы едім көңіл тасып, шат құліп.

Әкем ылғи ұстаған соң күйлі етіп,
Ала аяғын басуышы еді билетіп!

Мынау енді сен көрмеген босаға...
Телміріп тұр. Сені әлі тоса ма?

Менің бала құнімдегі өлеңді,
Жаттап қалған қабырғасын көр енді.

Менің бала құнімдегі достарды,
Мынау үйдің төрі қайтіп тоспады.

Мұнда інімнің шыққан былдыр, бал тілі,
Бал тіліне барлық ауыл балқыды.

Сары әжемдей ең мейірлі жердегі,
Сары қыздың кепті осында жөргегі.

Міне, менің өскен үйім осындаі,
Кел, кіре ғой қиялышда тосылмай.

Сенің бетің ашылмайды бұл үйде,
Той бол шашылмайды бұл үйде.

Беташарсыз той болуы мүмкін тек...
Толқып кеттім... көзімде жас кілкілдеп.

Осы өлеңім шарлап ертең әр үйді,
Осы өлеңмен сені бәрі таниды.

Біз осылай туған елден кеттік-ау,
Қайта оралғым, қайта оралғым кеп тұр-ау!!!

Бір жылап ал біздің үймен қоштастық.
Жылап қалды...
Екеумізге салынбаған қос жастық...

Ұшінші өлең

Ауыл бар деп бұл жерде бауыр бар деп,
Еңсені езген езгі мұң ауырлар тек.

Ортасынан бір шаңырақ көшіп жатса,
Бір түтіні ауылдың өшіп жатса,

Қимай-қимай қоштасар бауырмал ел.
Бауырмал ел –
Кек тіреген кек мұнар тау ұлдар ол!

Тау ұлдар ол – көшпеген, қозғалмаған,
Бауыры – көктем, бауырында боз қаулаған!

Сол көктемге мен ылғи ғашық болып,
Сол көктемнен шабытым тасып, толып!

Асығушы ем қыз күлкі Бұлағына,
Самал – жеңге сыйырлап құлағына,

Жеткізетін мендегі күйді бөтен!
Ех..!
Қыз-бұлақтар көліне қүйді ме еken???

Көктем әнін, жаз сәнін қиды ме еken?
Жапырақ – сырға, қар – көйлек киді ме еken?

Барғанымды жақтырмай бұлақтарға,
Бөгет болып бүкір бел қыраттар да.

Жатқаннан соң жолымда көлденеңнен,
Тоқтаушы едім, жан сусап шөлдегенмен.

Бүкір белді қария қырлар анау,
Әлі жатыр бой түзеп тұрмаған-ау...

Көбі соның қалды әне қорым болып...
Оларға да соғармын жолым болып.

Аят оқып, бағыштап дұғалы өлең,
Сауабынан нұрланып шыға келем!

Ал, әзірше көш беті қала болып,
Жүргегімнен наз ұшып, нала қонып.

Қаңбақ басты Жел көніл алып қашып,
Қасқыр көзім түнекке жарық шашып,

Үрей ұлып ішімде, мұн қыңсылап,
Қайқы азұым қайта бір қырғын сұрап!

Есем кеткен кез үшін өш алам деп,
«Елден кеткен екем» деп босағам жоқ!

Мысық тырнақ мейлі мың жараласын,
Арқа сүйер абадан бар Алашым!

Ай-хай әнін ауылдың салып тұрып,
Барлық ұлтты қазақы халық қылышп!

Жусан исі бұрқырап тұла бойдан,
Таң рауандап мендегі шырақ – ойдан!

Қалаға кеп саламын сайранымды,
Алашым деп ашамын майданымды!

Тек сәждеге тигізіп маңдайымды,
Қасиет – жыр мекендер таңдайымды!

Уақыт өте алыста ауыл бар деп,
Ағайын-жұрт, аға мен бауыр бар деп.

Тар қалаға сия алмай сосын, білем,
Кең далаға бұрамын көшімді мен!

Шалқып-тасып қарсы алар бауырмал ел.
Бауырмал ел –
Төбесіне көтерер тау ұлдар ол!

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Сол қуаныш мас қылар тәтті у болып,
Жылап алсам, жасыма аққу қонып.

Жол соңында болдырған жауыр аттай,
Тынысымды Тәнірім ауырлатқай.

О дүниеге рухым көшіп жатса,
Бұз дүниеде өлеңім өсіп жатса.

Жылап-сықтап қия алмай бүкіл ел де,
Әжем жатқан қояды-ау бүкір белге.

Маған дейін мың түлеп, мың гүлдеген,
Менен кейін құлпыра尔 тірлігі – өлең

Ауылымның жарқырап жүзі – жақұт,
Баяғыдай келін ап, қыз ұзатып.

Боз жусаны бүркырап баяғыдай,
Таң рауанын бүркіп ап баяғыдай.

Ақ отау боп даламда боз қауласа,
Тау ұлдары көшпесе, қозғалмаса!
Арман жоқ!

ТҮНГІ КӨКШЕТАУ

ТҮНГІ КӨКШЕТАУ – арманым менің маздаған.
Көркінді көріп көңілім тасып мәз болам!
Мен талай бұрын көрсем де сұлулығыңды,
Мен қалай өлең жазбағам?

ТҮНГІ КӨКШЕТАУ – Аспандай әсем қараши!
ТҮНГІ КӨКШЕТАУ – Мергеннің ғашық қаласы!
Шам жарығымен жалғанып жатқан сияқты,
Аспан мен жердің арасы!

ТҮНГІ КӨКШЕТАУ, самалың тарап кекілді,
ТҮНГІ КӨКШЕТАУ, салқының сүйсін бетімді.

Көшелеріңе жұлдыздар жауып түнімен,
Сөне алмай жатқан секілді.

ТҮНГІ КӨКШЕТАУ, әрбір сәулеңнен гүл өнсін!
Қадірін оның көзіңмен көрсөң білерсің.
Бұрымды қызбен Бұқпаның шығып басына,
Таң атпасын деп тілерсің!

ЖАҢА ЖЫЛҒА ЖАРТЫ САҒАТ ҚАЛҒАНДА

Жаңа жылға жарты сағат қалған шақ,
Бізді қандай бақыт қүтер алда аңсан?
Аслан дос, келер жылы екеуміз,
Жалғызбыз деп алданайық, алдансақ!

Жаңа жылға отыз минут қаларда,
Ескі жылдың бақ жұлдызы тамарда.
Назарбаев сөйлеп жатқан шығар, ә?
«Қазақстан», «Еларна» мен «Хабарда»...

Бірақ, біздер көре алмаймыз, е, мейлі,
Бақыт тілер... басқа бізге не дейді?
Айтқан сөзі айнымай кеп жарытсын,
Мына біздей көк жәшіксіз кедейді.

Аспан жақта мерекелік жағылды от,
Түннің көзі көрмей қалды шағыр бол.
Түнді қойшы... Құдай көрмей қалмасын,
Қол жаяйық, әр дүғамыз қабыл бол...

Қол жеткізіп қол жетпеген арманға,
Ең бақытты жандар болып жалғанда.
Алламызға алғыс айтып тұрайық,
Келер жылы...
Жаңа жылға жарты сағат қалғанда!

ТАҢСӘРІ

Түйілген қара бұлттай Түн қабағы
ашылды

көтеріле Күн табағы.
Көбелек қанатынан самал есіп,
Гүлдерді аймалады қырқадағы.

Ұсырып ақ көрпесін – ақ тұманнан
Ақ айдын алқа тақты аққулардан.
Жел еркін көк жүзінде жүгіреді,
Қолына ақша бұлттан ақ ту алған.

Алдынан шегірткенің азық қаулап,
Өрмекші тірлік жібін «қазықбаулап».
Сары бел сағымдары көкке ұмтылды,
Жусанның жұпар исі жазыққа аунап.

Таң нұры – жағал сары – аспан зерлеп,
Жылуы жабырқаған жас талды емдеп,
Шөптердің самайынан шық сорғалап,
Ұры сай табанында тастар терлеп,

Көз күліп көкжиектен кірпігі – арай...
Таң сәрі. Беу, дүние, құлпырады-ай!
Көргенде көнілімнің көшірмесін,
Көз алдым тұрар қалай бұлдырамай?!

ТҮН – АЙМАНДАЙ АРУ

Түн – жұлдыз жанарлы, аймандай ару, қара қас.
Мен – бозала таңдай бозбала едім наласы аз.
Кел, Құс жолы қылып алқа тағайын мойныңа,
Ақ маржан аққу мен ақ күміс қаздар аралас.

Құз ақ қайыңдардың алақандарын от қылып,
Сап-сары алтыннан сен үшін сырға соқтырып.
Тоқ бұрымыңдағы ақ бұлақ – шолпың сыңғырлап,
Сән-салтанатыңмен жаныма жақын отырып,

Тау, орман, далаға бұрымыңды жай, тарқатып,
Сүй. Еріндеріңмен тұратын дәйім бал татып.
Пәк сезіміңменен, қорқынышыңды бойдағы,
Тек Жапырақ сырғаңың дірілі ғана аңдатып.

Тұн – жұлдыз жанарлы, аймаңдай ару – ғашығым.
Қон, далама менің, ешкімге айтпай жасырын.
Мен бозала таң бол етегің тұрсем, шығыстан
Ақ балтырың да көріне қалар, асылым.

ЖЕТИМ ӨЛЕҢ

Қажеті жоқ өзімнен басқа ешкімге –
Жетім Өлең.
Өзің үшін бәрінен баз кешсем де –
Жетеліп ем! Сен мені жетелеп ең!

Тұнім саған арналды, күнім дағы.
Әкінбеймін.
Баяны жоқ бұл жалған құбылмалы,
Мәнгілік Сенсің, сосын – жетімдей Мұң...

Жүрген шақта көмейде үн көміліп,
Мұң жеміріп...
Қыз бол келдің көзінде гүлдеп үміт.
Сүйдім сені беу, Өлең шын беріліп.

Сосын... сосын... түсіндім кейін бәрін,
Бұйырғаның Бақ болып,
Нұр болып құйылғанын.
Өлең барда сөзімнің күйі барын.

Сосын бірақ, түсіндім... менен басқа
Ешкімі жоқ
Жетім екен жердегі Өлең қасқа.

...Міне сөйлей бастады ол – кеш кіріп ед...

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Тағы сөйлей бастады Жетім өлең –
Мен естимін.

Үйрәнгендем әу баста етім әрен,
Бүгін басқа ешкіммен кеңеспеймін.

«–Діңі шіріп, саңырау құлағы өскен
«Тыңшы» қоғам
Құла кеште мұртымен сыра кешкен
Түк ұқпады, сондықтан мұң – сыбагам», – деп
жылайды

Өлеңім жетімсіреп,
«Өтінші», – деп!
«Көне тілді қорламай екінші рет,
Тым құрыса сен тыңдал отыршы», – деп

Егіледі. Санама сәүле болып
Төгіледі.
Өз-өзімен жүрген жұрт әуре болып,
Өлең жайлы, Мен жайлы не біледі?!

P.S

Қажеті жоқ болса да басқа ешкімге
отыратын
Мұндас болып, шіркін-ай наз кештерде –
Жетім – Өлең, жетім – Сөз, жетім – АҚЫН!

АҚ ЖАНЫМ

Ақ жаным – ақ парақ кәдімгі,
Өмірдің өлеңі жазыла бастаған.
Аңсаймын аяулы шағымды,
Қолға алған ісімнен береке қашпаған.

Ақ жаным – ақ қардай ақ қағаз,
Өмірдің өрнегі өлең боп басылған.
Әттең-ай, шаттықты шақтар аз,
Шимайы көбірек... мұңымды жасырған.

Ақ жаным – ақ парақ
Мақтадай тап-таза,
ұлпадай жеп-жеңіл салмағы.
Ап-ауыр қара тас тақтадай
зілденді
Қорғасын ойларды салғалы.

Ақ жаным – суретші тағдырдың,
Бояуы айшықты суреттер көрмесі.
Көзімнен ыршыған жаңбырдың,
Сағыныш тамшысы сарғайта көрмеші.

Ақ жаным, о менің ақ жаным,
Кіршіксіз қалпында қалса екен – арманым.
Үзген соң өмірді ажалым,
Таза боп барайын алдына Алланың.

Өткенге оралып, шегініп,
Қатенді түзете алмайсың қайта бір.
Жаныма кек сия төгіліп,
Арыма қара дақ түспесін әйтеуір.

СОНҒЫ КҮЗГЕ ДЕГЕН САҒЫНЫШ...

Қап-қара түнге аппақ сәуле төгілгенде ғарыштан,
Сүйінші сұрап бір-бірінен көрші-қолаң жарысқан.
Өліара шақта өмір сыйлас һақ Алла,
Алагеуімде мына дүниемен танысқам!

Тал бесігімде сыйызы – самал әлдилеп,
Ал, есігімде сары ала кейлек тал билеп.
Алланың сөзін сөйлейтін ақынды танып со кезде,
Сап-сары сайтан қашыпты сары далаға зар илеп!

Мен туған шақта биши қайыңдар өртенген,
Жапырақтарды сағыныш атты дерт емген.
Сонғы ғұлдермен бақұлдасып ақыры,
Табысқам келіп Сары Күз атты зергермен.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Құлаққа сіңген қоштасу әні құстардың,
Мұңлылау сол бір сарынға әлі құштармын.
Қуанышым-ай, Күзді бақтардай құлазып,
Қарашаның шолақ кешіндей қысқардың.

Бес күн жалғанда – сабындаі қысқа қамшының,
Күздей жомартпын, Күздей мұңлымын – бар шыным.
Сіздерге мына естіртсем деймін өлеңде,
Жер менен Көктің арасындағы тамшы үнін.

Сондықтан ылғи сағына Құзбен қауышам,
(Мен сірә, Құзде дәм-тұзымын таусысам.)
Алагеуімде мына дүниемен танысқам,
Қарагеуімде ана дүниеге аусысам...

* * *

Жапырақтай үзсе демімді күзгі дауыл кеп,
Жапырақтай жерге тапсырап бізді бауыр көп.
Аяқталмаған өлеңді айтпаған күнде,
Мен әлі жете алмаған қызды ауыл көп...

Мен әлі бастай алмаған жұмысым қанша?
Тарылта көрме, Тәнірім, тынысымды онша!
Көңілімнің мынау көліне аққуды қондыр,
Мені алып кетіп, қазаққа мұн ұсынғанша!

Көліме менің аққу бол өлеңім қонсын,
Қазақпен бірге менің сол көрерім болсын.
Өлеңмен шарлап келейін ертегілерді,
Өлеңмен арлап көрейін көненің қонсын.

Жадымда жаттап бәйіт пен ғазалдарынды,
Рубаяттарды, бәдізге жаза алғанынды.
Болашақ саған табысталп үлгерсем екен,
Жанымды жұлып алғанша Ажал кәдімгі.

Жанымды жұлдып алғанша дауыл кеп күзгі,
Тәнімді жерге салғанша бауыр көп ізгі.
Әр көктем сайын гүлдейтін өлең жазайын,
Жоқтасын сосын жаңа бір дәуір кеп бізді.

ОРАЗАДАҒЫ ӨКІНІШ

Нәлсі
Байғұс Иманнан
Тағы да басым түскенде.
Береке болмай қиналадам,
Бастаған мынау істерде.

Қаңғырып жүрмін, қаңғырып,
Иттей боп өлген иесі.
Мәңгіріп жүрмін, мәңгіріп,
Құдайсыз қалған күй – осы!

Сүлдерім жетті бұл айға,
Сүлік сорғандай боп-бозбын.
Құлшылық етпей Құдайға,
Қарашы, міне, тоз-тозбын!

Көбейіп тұрмыс әлегі,
Ауыз бекітпей жүдедім.
Періштедей өте пәк еді,
Кірледі әппақ жүргегім.

Ораза бойы жын-ойнак,
Жүрген жерімді қарашы.
Ақырет күнін бір ойлап,
Күнеларымды санаши...

...күнәдан мулде айығар,
Күн бар ғой білем тегінде?!

Жайнамаздайын жайылар,
Жүргегім сонда менің де!

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Бұл Ғазиз Жаным шаттанып,
Бес үақыт намаз оқиды.
Құранды жаттар, һақ танып,
Пайғамбарға (с.ғ.с) түскен үаһиды.

Сол кезде мынау нұрлы айды,
Ұлықтап, күтіп, қадірлеп...
Сейіліп бастан мұң-қайғы,
Жанымды жүрген жәбірлеп.

Нәпсімді түгел құртамын,
Ісімде болмас олақтық.
Он екі айдың Сұлтанын,
Отыз күн бойы қонақ қып!

Отыз күн бойы таң алды,
Сәресін ішіп, шүкір деп.
Сәресі – сұннет, содан соң,
Саяп қой тұрған шүпілдеп.

Тыйылып астан күнімен,
Нәпсімнің тыйып қалғанын.
Істеймін мұны шынымен,
Разылдығы үшін Алланың.

Сол үшін Құдай түбінде,
Қос қуаныш берер білемін.
Біреуін көрсем тірімде,
Өлген соң көрем біреуін.

Біріншісі – ауыз ашқан сәт.
Ақшамда нәр татармын.
Аштығымды басқан сәт –
Бір қуаныш боп аталдың.

Екіншісі:
Елшіге (с.ғ.с) түскен үаһида:
«Шаттыққа шексіз батар мың,
Қауышып һақпен Бақида...»
(Оны да көре жатармын...)

Құптаннан кейін құт деген,
Сезіну намаз рахатын.
Отыз күн бойы жұртпенен,
Оқимын жиырма ракатын.

Сол күнге жеткіз Құдайым,
Жамандығымды жасырып.
Абырой беріп, ылайым,
Жақсылығымды асырып!

Қадір Тұннің де қадірін,
Ұғындыра көрші пендене!
Алдында туып бәрінін,
Соңында жүрмін Мен неге???

Ібіліс ұя салғалы,
Көнілді кірбің басып тұр.
Рамазан айға алдағы,
Асықтыр, Алла, асықтыр!!!

Сағындым оны, себебі,
Сабыр-төзімім шашылып.
Ол дағы маған келеді,
Тура
он күнге
асырып!

ЖЕЛДІҢ МОНОЛОГЫ

*Жерде – Желмін гулеген...
Мағжан.*

Кек майса құрақтың мандайын сипалап,
Ақ білек қайыңың шаштарын ұйпалап.
Биылғы ақ үміт ғүлдерді аялап,
Былтырғы сар уайым жапырақты қидалап.

Мерген ТОҚСАНБАЙ

Сірі қар көбесін деміммен күйретіп,
Ақ айдын бетінде мың толқын билетіп.
Көлеңке сүйреткен қашаған бұлттарды,
Көк аспан астында тақымдап, үйретіп.

Үйдегі қартайған шалдардарға – заты ұлық,
Тұздегі жусанның жұпарын татырып.
Сары қаз саңқылды сары ала таңдардың,
Сап-салқын ауасын саумалдай сапырып.

Өрмекші өрнегін маңдай тер тамызып
өрсе де,
Ертөстік сияқты тағы үзіп.
Көгілдір кештерде тыныштық бұзатын тентектік
Тып-тымық ауамен қасқалдақ ағызып.

Қыранның сусылын естуге құмар бол,
Тұған соң, биікке шақырып тұрап Көк.
Теменде, Арқаның төсінде арғымақ
көсілсе,
Кекілін тараған, сыңар бол,

Мен – Желмін! Жүйрікпін, асаумын, тентекпін,
Жалғыз шоқ сезімді үрлесем – өрт еттім.
Қаласам – бар бұлтты сыпырғам аспаннан,
Жап-жарық бол кетіп жердегі мөлтек Тұн.

Мен – Желмін! Қазақтың рухындағ еркінмін!
Азаттық – бар емі асқынған дертімнің.
Бодандық, мен саған әү бастан қастасып,
Жебедей ысқырып, адырна сияқты серпілдім!

Сәбидің саусақпен салалап тұлымын,
Қыздардың түндей қып тарқатқам бұрымын.
Домбыра шегінің мап-майда үнімін,
Қобыздың шанаққа сыймаған мұңымын.

Көктемде жеткізіп құстардың сәлемін,
Осылай құлпыртқам қазақтың әлемін.
Кеш болса үйінен бездіріп, сүйгенмін,
Еш ерек сүймеген сұлуды – бал ерін.

Мен – Желмін! Қазақпыш! Ақынмын! Өлеңмін!
Бұл менің Көктемім!
Көктеммен гүлдедім, көгердім!
Қызылжар төсіне ақ жаңбыр – қара өлең әкелсем,
Ал, қане жөнімді кім сұрап?! жолымды бөгер кім?!

Мен – Желмін!
Аспанда – қара бұлт, теңізде – ақ жалмын.
Қастасқан немеге найзағай түсіріп қақ жардым!
Осынау кең жерден тар лақыт бүйірса деп келген,
Қазақтың бағына қайтадан туған дүр Мағжанмын!

МАЗМҰНЫ:

| | |
|--|----------|
| Өлеңге адал ақын (Н.Ахатұлы)..... | 3 |
|--|----------|

Бірінші бөлім. РУХ

| | |
|---|-----------|
| ХАН АБЫЛАЙ | 6 |
| КҮЙІНІШ ҚАРИЯНЫҢ КУРСІНІСІ | 10 |
| КӨКҚАСҚА | 12 |
| ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУҒА МҰҢ ШАҒУ | 15 |
| КЕРБЕСТІ-ӨЛЕҢ | 16 |
| САҒЫНАМ СЕРІ ҒҰМЫРДЫ | 18 |
| СҰРАҚ | 19 |

Екінші бөлім. ЖАН

| | |
|---|-----------|
| ТЕК СЕНИҢ ЖАНАРЫҢ ОҚЫСЫН | 21 |
| БІР ҚЫЗҒА ХАТ | 22 |
| ТУҒАН КҮНІНДЕ | 23 |
| «Өнімде жалғызбын...» | 24 |
| МЕН КЕЛДІМ | 25 |
| «Осылай үзіледі үмітім әр...» | 26 |
| СЕН КЕТИП БАРАСЫҢ | 27 |
| ҚОШТАСУ ЖЫРЫ | 28 |
| «Мына түннің әр секундын ұзартып...» | 29 |
| «Ұп-ұзак түн өтті-ау...» | 30 |
| МЕН АЛЫП БАРҒАН ҚАР | 32 |
| САҒАН | 33 |
| ЕСЕРЛІК ПЕН БЕКЕРЛІК (ДИПТИХ) | 34 |
| СУРЕТШІ ҚЫЗДЫҢ АЛҒАШҚЫ СУРЕТІ | 35 |
| СУРЕТШІ ҚЫЗДЫҢ АҚЫРҒЫ СУРЕТІ | 37 |
| АУЫЛ КЕШІ | 38 |
| КІТАПХАНАДА | 39 |
| ТОҚЫРАУ | 41 |
| ЕСІНДЕ ҚАЛМАҒАН СИЯҚТЫ | 41 |
| КӨПІРДІҢ ҮСТІНДЕ | 42 |
| ХАТ ЖАЗБАШЫ | 43 |
| АҚ СЕЗІМ – АҚ ГҮЛ | 44 |
| ЖҰЛДЫЗ – ҮМІТ | 45 |
| СЕН БАРСЫҢ АР ЖАҚТА | 47 |
| ҰМЫТШЫ БӘРІН | 48 |

| | |
|--|----|
| БАҚЫТЫМ ӨЗІНМЕНЕН..... | 49 |
| САҒЫНЫШ... САНДЫРАҚ..... | 49 |
| ТҮНМЕН ТЛДЕСУ..... | 51 |
| ҮМИТ..... | 52 |
| «Жапыраққа жазылған хаттарым»..... | 53 |
| «Осыдан екі-үш жыл бұрын...»..... | 54 |
| МЕН ЕШТЕҢЕ ЖАЗБАЙМЫН..... | 55 |
| ЕСКИ МҰҢ..... | 56 |
| «Саған баратын жол жоқ қой енді...»..... | 57 |
| ТӨРТ ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ..... | 58 |

Үшінші бөлім. КӨҢІЛ

| | |
|--|----|
| КӨШ. (цикл)..... | 60 |
| ТҮНГІ КӨКШЕТАУ..... | 66 |
| ЖАҢА ЖЫЛҒА ЖАРТЫ САФАТ ҚАЛҒАНДА..... | 67 |
| ТАҢСӘРІ..... | 68 |
| ТҮН – АЙМАНДАЙ АРУ..... | 68 |
| ЖЕТИМ ӨЛЕҢ..... | 69 |
| АҚ ЖАҢЫМ..... | 70 |
| СОҢҒЫ КҮЗГЕ ДЕГЕН САҒЫНЫШ..... | 71 |
| ЖАПЫРАҚТАЙ ҮЗСЕ ДЕМІМДІ КҮЗГІ Дауыл КЕП..... | 72 |
| ОРАЗАДАҒЫ ӨКІНІШ..... | 73 |
| ЖЕЛДІҢ МОНОЛОГЫ..... | 75 |

Мерген ТОҚСАНБАЙ

НОСТАЛЬГИЯ

Редакторы: Алмас ТЕМІРБАЙ

Тех.редакторы: Қуаныш ҚОЖАБАЙҰЛЫ

Дизайнеры: Алмас ТЕМІРБАЙ

Корректоры: Бақытгүл МАНАШЕВА

Басуға 11.10.13 қол қойылды. Формат 70x90/16

Шартты баспа табағы 5. Тапсырыс № 1072

Таралымы: 1000 дана.

Жеке кәсіпкер Н.Ф Устюгова.

«Мир печати» баспаханасында басылды.

020000. Көкшетау, Капцевич көшесі, 230 үй


тел. (8-716-2) 32-62-26

mirpechaty@mail.ru

МКУ «Администрация г.Кокшетау»
Приложение к Административному Справочнику ГК



000001525488



Мерген
Көшербайұлы
ТОҚСАНБАЙ

1988 жылы 14 қарашада бұрынғы
Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданы,
Казгородок (ескіше атауы – Жанғұс-Тоқсанбай)
ауылында дүниеге келген.

«Ассалау мағалейкүм!» атты алғашқы кітабы
2011 жылы жарық көрген. Өлеңдері
«Көкшетау жас ақындар антологиясы»,
«Жаңа ғасыр жырлайды» атты респубикалық
жас ақындар антологиясына енген.
Отызға тарта облыстық, респубикалық
мүшәйралардың жүлдегері.
XIII Халықаралық «Шабыт» шығармашыл
жастар фестивалынің дипломанты.

